# SARYARQA

5 naýryz
2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№9 (8221)



KÚN TÁRTİBİ — ЖАҢА ЖОБА ҚОЛДАУ ТАПТЫ — 2-бет

KELBET — БАЛАЛАРЫМЕН БАҚЫТТЫ — 3-бет

QOǴAM — КОРОНАВИРУСТАН ҚОРҒАНУ ТӘСІЛДЕРІ — 5-бет

RESMI — ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ — 6-бет


8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

### *Құрметті аналар! Ардақты әжелер, аяулы қарындастар!*

Сіздерді көктемнің алғашқы жылуымен келетін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қашан, қай жерде болмасын қоғамдағы бейбітшілік пен амандық, отбасындағы жайлылық, балалардың денсаулығы мен тәрбиесі, адалдық пен рухани жомарттық, махаббат пен ананың жылуы әйелдің есімімен байланысты. Біздің халқымыз әрқашан қыздарын құрметтеген, ал аяулы аналарды ең үлкен қазына деп санайды. Сондықтан да бізде әйелге деген ерекше көзқарас қалыптасқан, өйткені ол бізге сұлулық, мейірімділік пен даналық нұрын сыйлайды. Біздің халқымыз «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп өте дұрыс айтқан. Отбасылық құндылықтардың беделін арттыру, ана мен баланы қолдау егемен Қазақстанның әлеуметтік саясатының басым бағыттары болып табылады. Сіздердің арқаларыңызда маңызды құндылықтар – махаббат, отбасы, ізгілік пен адалдық мәңгілік болып қала береді. Ел болашағы – балаларымызға лайықты тәрбие беріп, ошақтың ұйытқысы бола отырып, еңбекте, қоғамдық өмірде лайықты табыстарға қол жеткізудесіздер. Ата-бабаларымыздың дәстүрлерін сақтай отырып, қоғамның серпінді дамуының алдыңғы шебінде жүріп, біздің тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына үлес қосып келе жатқан нәзік жан иелерін ерекше мақтан тұтамыз. Сіздер алдағы уақытта да қоғамдық тұрақтылық пен келісімнің кепілі, жасампаз істердің бастамашысы боласыздар деп сенемін. 8 наурыздың құрметіне Сіздерге шексіз махаббат пен бақыт, отбасылық амандық, ұзақ ғұмыр тілегім келеді, сіздердің асқақ армандарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталсын, әр отбасында береке мен үйлесім орнасын!

**Жезқазған қаласының әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ**

# СЕРТІНЕ – БЕРІК, ІСІНЕ – АДАЛ



***Сырт көзге көп көріне бермейтін Жезқазған қалалық мәслихаты аппараты қызметкерлерінің де арқалаған жүгі жеңіл емесін бүгінде елдің бірі білсе, бірі білмейді. Сондықтан, Халықаралық әйелдер күні қарсаңында жергілікті өкілетті орган аппаратының тыныс-тіршілігі мен ондағы мамандардың жұмысымен танысып қайттық.***

Бізді қарсы алған аппарат жетекшісі Александр Ким қалалық мәслихаттың мақсат-міндеттерін жіпке тізіп берді. Қаланың бюджетін бекіту, оны тиімді игеру, қаланың архитектуралық келбетін, көшелер мен жарықтандыруды жақсарту, коммуналдық шаруашылық пен қаланы абаттандыру, қала тұрғындарын еңбекпен қамту, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларында әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру, тағы басқа шаралардың барысын қадағалау – осының барлығы депутаттардың күнделікті жұмысы. Ал, мәслихат аппараты халық қалаулыларының өз міндетін тиісті деңгейде орындауына барлық жағдайды жасайды, яғни олардың қызметін қамтамасыз етеді. Айта кететін жағдай, қалалық мәслихат депутаттығы ақысыз қоғамдық жұмыс болғандықтан, халық қалаулыларының депутаттықтан бөлек негізгі жұмыстары бар. Сондықтан, олар тоқсан сайын кезекті, айма-ай мемлекеттік мекемелердің ұсынысы бойынша кезектен тыс сессияларды өткізуді ұйымдастыруға, қабылданған шешім жобаларын әзірлеуге мүмкіндігі де, уақыты да жоқ. Осындайда, депутаттардың қолын қалалық мәслихат аппаратындағы бесаспап мамандар ұзартады. Олар: Бибігүл Сейілова, Гүлшат Абдраманова, Айнагүл Дәулеткелдина, Ырзагүл Баканова, Наталья Загадова мен Арайлым Бақтыбаева.

►►*3-бетте*

# ҮЗІЛМЕГЕН НАУРЫЗ ДӘСТҮРІ

***Жезді кентіндегі Мәкен Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінде жергілікті ұсталар мен темiршілер, зергерлердің біршама дүниелері, бүгінгі таңда ұмытыла бастаған құрал-жабдықтары сақталған. Этнографиялық жәдігерлердің басқа жинақтамалардан бір ерекшелігі, олар – белгілі бір кезең, сол кезеңдегі тарихи оқиға , аңыз, әфсана, тұрмыс-салт мәдениетімен қатар бұйымның иесі немесе жасаушысы жөнінде бірден-бір дереккөз болып табылады. 2012 жылдан бері Наурыз мерекесі қарсаңында музейде «Алтын тамыр» айлығы өткізіледі. Бір ай бойы халқымыздың қолөнері, қолданбалы өнері мен дәстүрлері, бұрынғы және қазіргі заманауи шеберлердің туындылары көрмеге қойылып, таныстырылады. Көрме экспонаттарының ішіндегі ең кәделісі және айтары көп дүние – бұзау терісімен қапталып, бетіне ою-өрнек бедерленген жағлан-сандық. Кез-келген музейде мұндай тұрмыстық жиһаздың әлдеқайда көркем, сән-салтанаты келіскен түрлері баршылық. Дегенмен, борсеңгірлік Данияр ұстаның тері сандығының ешкімге ұқсамайтын, Қазақстанның ешбір ауылында кездеспейтін құпиясы бар. Осынау ескі жағланды Данияр ұста әулетінің жүз жылға таяу уақыт сақталып келе жатқан мызғымас дәстүрінің алтын сандығы деуге болады.Ол жайлы кейінірек. Әзірше, музейдің этнографиялық көрмелерінің төрінен орын алған тұтас бұзау терісімен қапталған сандықтың авторы Данияр КӘРІБАЙҰЛЫ жайлы білгеніңіз артық болмас.***

Қарағанды облысы Ұлытау ауданының оңтүстік-шығысында Борсеңгір деген ауыл бар. Данияр Кәрібайұлы осы ауылдың Сарықамыс мекенінде 1873 жылы дүниеге келген. Нағашысы Наурызбай қалпеден ескіше хат танып, діни білім алады. Нағашысы мешіт ұстаған, діндар, көріпкел, өзі ұста, шебер үйші болса керек. Сол төңірекке белгілі Құлыбек бай көзі тірі кезінде Наурызбай қалпеге өзіне арнап сағана салдыруға өтініш білдіреді. Данияр Кәрібайұлының 25-тердегі кезі болса керек. Сағана құрылысына Данияр ұста үйренуші шебер ретінде қатысып, қолын жаттықтырады. Біршама уақыт өткенде сәулет өнеріне әбден машықтанып, бүрмелі кесене, күмбезді құрылыс салудың шебері болады. Ел аузында Данияр ұстаның көршілес тама руының ауқатты мырзасы Тасыбайдың тамын салу тарихы көп айтылады. Шамасы жас шебердің атағы ауылдан асып таралуына осы оқиға себеп болса керек. Тасыбайдың бәйбішесі «Найманнан шыққан бір шебер бар екен. Соны тауып әкеліңдер» деп хабар таратады. Тама елінің ақсақалдары шебердің жас екенін көріп сенімсіздік танытады. Бірақ бай бәйбішесі жас шеберге сенім артып, бейіттің құрылысы басталады. Нәтижесінде Данияр сәулетшінің жұмысына дүйім ел риза болып, бай бәйбішесі «Төрт түліктен қалағаныңды ал. Оны айдап әкететін ауылыңнан бауырларыңды шақыр» деген екен. Сәулетшінің қолының табы қалған монументалды ескерткіштер Сарысу, Борсеңгір, Теректі, Жыланды төңірегінде осы уақытқа дейін сақталған.

Данияр ұстаның Қазақстан сәулет өнеріндегі орны мен өзіндік қолтаңбасына алғаш баға берген академик Ә.Марғұлан болатын. Белгілі археолог, шығыстанушы далалық экпедициялармен Борсеңгір ауылында 1952-1967 ж. ж аралығында үш мәрте болады. Данияр ұстаны ғалым өзі іздеп келіп жолығады. Шебердің кірпіш күйдіру және оны қалыптау технологиясының ерекшеліктеріне назар аударады. 1986 жылы тұңғыш басылған «Қазақстанның қолданбалы өнері» альбом- энциклопедиясына Д.Кәрібайұлының суретін жариялап, «Жезқазған облысында тұратын халық сәулетшісі» деген анықтама береді. Егер Ә.Марғұлан болмаса Данияр ұстаның тарихта суреті де сақталмас еді.

►►*8-бетте*

# ӨҢІР ТАРИХЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

***Тіршілігінде Жезқазған-Ұлытау өңірінің қатпар-қатпар тарихына үңіліп, ел жадынан өшіп бара жатқан беймәлім тұстарын қайта жаңғырту жолында тынымсыз ғұмыр кешкен туған жердің патриоты, белгілі өлкетанушы әрі музей ұйымдастырушысы Сүтемген БҮКІРОВТІҢ есімін елі ұмытпайды.***

***Бір өзі бір энциклопедияға татитын Сүтекең үнемі іздене жүріп, кенді өңірдің өткен тарихы мен танымал тұлғаларының өміріне қатысты кез-келген сирек деректерді қызыға жинайтын. Есті сөз білетін көнекөз қариялардан естіген әңгімелерінің бүге-шігесін анықтап, жалықпай жазып алатын. Осыған орай ол артында көптеген құнды мұралар қалдырды. Өңір шежіресінің шырақшысына айналған абзал жанның туғанына биыл 100 жыл толғалы отыр.***

## Өлкетануда өшпес із қалдырған

Сүтемген ағаның ата-бабалары қазіргі Жезқазған қаласы орнаған жердегі Наушабай бойын қоныс қылыпты. Сарысу болысына қараған осы жерде Сүтемген Тақабайұлы 1921 жылы 8 мамырда дүниеге келген. Сол кездегі замандастары сияқты еңбекке ерте араласады. Ресми құжаттар бойынша еңбек жолын 1937 жылы өзі оқыған мектепте аға пионер вожатыйы болып бастаған. Бір жылдан кейін Қарсақбай аудандық «Қызыл кенші» газетіне жұмысқа тұрады. Газет редакторы, белгілі журналист Әбілқасен Әміралинның баулуымен білімге, жазуға құштар жас жігіт шыңдала түседі. Ол «Қызыл кеншіде» 1938 жылдан 1946 жылға дейін тілші болып істегенде шығармашылыққа бет бұрумен қатар, тарихи мұраларды зерделеп, соны деректерді жинақтауға барынша ден қояды. Өлкетану жолындағы өрелі істері осылайша басталған еді.

Жезқазғанның болашағы жайлы ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың мақалалары мен ғылыми еңбектерін үлкен қызығушылықпен оқитын. Үлкен Жезқазғанның құрылысы мен болашағы туралы Қанекеңнің тұжырымдарына сүйеніп өзі де ойлы мақалалар жазды. Сүтекең өндіріс кәсіпорындарының да еңбек тынысының дәмін татқан адам. Ол газеттен кейін «Қазмысқұрылыс» тресіне келіп, өндіріс шеберінен бастап цех бастығы, партия ұйымы хатшысының орынбасары қызметтерін атқарып, жиырма жылдай қайнаған құрылыс пен құрылысшылардың белортасында жүрді. Өндірістен қол үзбей жүріп құрылыс техникумының кешкі бөлімшесінде оқып, техник-технолог мамандығын алған болатын. Қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты. Өлкетанудағы өрелі ізденістеріне де уақыт таба білді. Қай кезде болмасын қолынан қаламы мен қойын кітапшасын тастамай, өзін қызықтырған деректерді жазып алу дағдысынан жаңылған жоқ. Туған өлке қойнауындағы тарихи және мәдени маңызы бар ескерткіштерді қорғау, археологиялық мұраларды зерттеу мәселесін көтеріп, оған ұдайы атсалысып жүрді. Соның нәтижесінде кейінде «Жезқазғандағы тарихи-археологиялық ескерткіштер», «Жезқазған мешіттері» атты кітапшалар шығарды.

Айтулы қаламгер, ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбек өзінің «Күңгір-күңгір күмбездерді» жазуға дайындық барысында Сүтемген ағадан көп мәлімет алғанын, мәлімет болғанда олардың ең бір сүйектілерін алғанын сүйсіне айтып, ол кісі туралы былайша пікір білдіргені бар: «Сүтекең туған өлкесінің тірі шежіресі еді. Киелі де қасиетті Ұлытау өңірінің екі ғасырлық тарихын кішкентай көкірегіне сидырған алып қойма еді. Сүтекең пайымы, Сүтекең дерегі біз түгіл, кешегі Қанекең (Сәтбаев), Әлекеңдерге (Марғұлан) нағыз компас іспетті болғандығы белгілі. Ұлытау-Жезқазған жақтан жол іздегендерге, жоқ іздегендерге Сүтемген аға бағытынан тайдырмас бағдаршам қызметін атқарғандығын ғылымның өлкетану атты ауқымы кең саласымен айналысатындардың ешқайсысы да жоққа шығармаса керек». Ақселеу ағамыздың бұл айтқандарын бүгінде мұражай қоры мен архив мұрасына айналған сарғыш хаттар да айғақтап тұрғаны анық. Сол хаттардың бір-екеуін алға тартсақ былай деп сыр шертеді.

►►*4-бетте*

ТАҒАЙЫНДАУ

## ҰЛЫТАУ АУДАНЫНДА – ЖАҢА ӘКІМ



Сейсенбі күні Ұлытау ауданының актив отырысында ауданның жаңа әкімі таныстырылды. Қарағанды облысы әкімінің өкімімен, ҚР Президенті Әкімшілігінің келісім беруімен және аудандық мәслихат келісімімен Советбек Тұрсынұлы Медебаев Ұлытау ауданының әкімі болып тағайындалды. Жаңа әкімді аудан активіне Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүкен таныстырды.

**Советбек Тұрсынұлы МЕДЕБАЕВ** 1965 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Қарсақбай кентінде дүниеге келген. Білімі – жоғары. Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін экономист-менеджер мамандығы бойынша, Орталық Азия университетін құқықтану мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын Жезқазған облыстық тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету басқармасының Жезқазғандағы жөндеу-құрылыс басқармасында шебер болып бастаған. 1988 жылдан 1992 жылдар аралығында Жезқазған геологиялық зерттеу экспедициясында қызмет етті. 1992 жылдан 1995 жылға дейін Жезқазған облыстық тұтынушылар одағы қоғамында күрделі құрылыс, көлік және материалды-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің аға маманы,бастығы.

1995 жылдың мамыр айынан бастап Жезқазған қаласы әкімі аппаратының басшысы болды. 2003 жылдың 20 қыркүйегінде №5 сайлау округі бойынша Жезқазған қалалық мәслихатына депутат болып сайланды. 2003 жылдың 5 қарашасында қалалық мәслихаттың бірінші сессиясында III шақырылған Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы болып сайланды.

2007 жылдың 18 тамызында №5 сайлау округі бойынша Жезқазған қалалық мәслихатына депутат болып сайланды. 2007 жылдың 2 қыркүйегінде қалалық мәслихаттың ұйымдастыру сессиясында IV шақырылған Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы болып сайланды. 2008 жылдың қыркүйегі мен 2011 жылдың шілдесі аралығында – Сәтбаев қаласының әкімі.

Соңғы тағайындауға дейін VII шақырылған Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы қызметін атқарған.

**«Saryarqa-ақпарат»**

АХАТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

# ЗАМАН КӨШІНЕ САЙ ЖАҢАРҒАН

***Биыл Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының халық комиссарлары кеңесінің шешімі негізінде құрылған азаматтардың хал актілерін тіркеу органының құрылғанына 100 жыл толып отыр. Алғашында АХАТ бөлімінің міндеттерін мешіттер мен шіркеулер атқарса, 1935-1959 жылдардан бастап аталған бөлім ішкі істер халық комиссариаты қарамағына өткен. Бұл құрылым 1960 жылдан бастап жергілікті атқарушы органдардың құрамына енсе, 1998 жылдан бастап Әділет министрлігі құрамында.***



Жыл бойына дамылсыз еңбек етіп, тұрғындар игілігі үшін аянбай қызмет көрсететін Жезқазған қалалық АХАТ бөлімінде бүгінде 4 маман жұмыс істейді.

– Біздің бөлімнің міндетіне баланың дүниеге келуін тіркеуден бастап, некені заңдастыру, ажырасу фактілері, дүниеден өтуді тіркеу және одан да өзге жұмыстар кіреді. Бір ғана ақпан айында қала бойынша 170 туу, 46 неке, 10 ажырасу, 71 қайтыс болу, тегін және әкесінің атын өзгерту бойынша 5 құжат рәсімделді. Мен алғашында педагогика саласы бойынша білім алған болатынмын. Кейіннен заңгер мамандығын да меңгеруіме тура келді. Осылайша қалалық АХАТ бөлімінде 1992 жылдан бастап еңбек етіп келемін. Бұл жердің жұмысы жаныма айрықша жақын. Содан болар, осы бөлімде қалғанды жөн көрдім. Маған тұрғындармен жұмыс істеп, оларға заң бойынша кеңес берген, олардың мәселелерін шешуге атсалысқан қатты ұнайды. Бұл сала менің өмірімнің мәніне айналғандай, – деген Жезқазған қалалық АХАТ бөлімінің басшысы Күләш Еркебұланова барша әріптестерін мерекемен құттықтады.

Бүгінгі таңда азаматтардың бұрынғыдай уақыттарын жоғалтып, текке кезек күтуі дұрыс емесін айтқан Күләш Еркебұланова бөлім мамандары халық арасында ақпараттандыру-түсіндіру жұмыстарында жиі өткізіп отыратынын жеткізді. Тұрғындардың басым бөлігі ХҚКО-да кезек күтіп, уақытын жоғалтатына қынжылған ол елімізде мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру жұмыстары қарқынды түрде жолға қойылып жатқанын айттты. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышының қызметі арқылы электронды үкімет порталында кезексіз, қалаған уақытыңызда жұмысыңызды шеше алатынын айтып, оның тиімділігін түсіндірген ол алдағы уақыттарда да осы бағытта түрлі шаралар атқарылатынын айтты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ПАРЛАМЕНТТЕ ӘРБІР ТУҒАН БАЛАҒА 4,2 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН БЕРУ ЖАЙЛЫ ҰСЫНЫС АЙТЫЛДЫ

***Мәжілістің жалпы отырысында депутат Ерлан Смайылов Үкімет басшысына депутаттық сауал жолдап, ана капиталын енгізуді ұсынды.***

– ЮНИСЕФ-тің «Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайын талдау» зерттеуіне сәйкес еліміздегі балалардың 15,6 пайызы табысы ең төмен отбасыларда тұрады. Бұл шамамен 1 млн бала. Яғни елдегі әрбір алтыншы бала кедейшілікте өмір сүреді. Басым бөлігі – көпбалалы отбасының мүшелері. Бұдан бөлек, 500 мың толық емес отбасы бар. Жалғызбасты аналар мен жалғызбасты әкелердің жағдайы да мәз емес, – дейді Ерлан Смайылов.

Ол «мемлекет бір нәрсені анық түсінуі керек, бүгінгі кедей балалар – ол ертеңгі кедей мемлекет» деп отыр.

– Әлеуметтік төлемдер тұжырымдамасынан адам капиталына ақша салу жүйесіне көшу қажет. Оны кәдімгідей идеологияға айналдыру керек. Практикалық шаралардың ішінен елімізде әрбір баланы туғаны үшін Қазақстан азаматтарына 4,2 млн теңге мөлшерінде мемлекеттік төлем түрінде ана капиталын енгізу орынды. Бұл қаражатты тұрғын үй сатып алуға және отбасының тұрғын үй жағдайын жақсартуға, баланың білім алуына, анасының зейнетақы жинақтарына мақсатты пайдалануға болады, – дейді депутат.

### АҚМОЛАДА ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ ВАКЦИНА ЕГУ БАСТАЛДЫ

***Ақмола облысында COVID-19 індетіне қарсы вакцинациялаудың екінші кезеңі басталды. Өңірдегі ішкі істер органдарының 80 қызметкері алғашқылардың бірі болып екпе алды.***

Ақмола облыстық полиция департаментінің госпиталіне ресейлік «Спутник V» вакцинасының алғашқы партиясы жеткізілді. Аурухананың медицина қызметкерлері коронавирусқа он бір мыңға жуық полиция қызметкерін тексерді, шамамен олардың 3% - ында оң нәтиже анықталған.

– 1 наурыздан бастап вакцинациялаудың екінші кезеңі басталды. Кезек ішкі орган қызметкерлеріне де келіп жетті. Вакцинация алдында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Аурухана мен емхананың дәрігерлері барлық бөлімшелерге барып дәрістер оқыды. Қарсы көрсетілімдері жоқ адамдар вакцина ала бастады. Полицейлер вакцинаның екінші дозасын үш аптадан кейін алады, – дейді облыстық полиция департаменті госпиталінің басшысы Анаргүл Мұқашева.

Облыстық полиция департаментінің госпиталінде күштік құрылымдардың 13 мыңға жуық қызметкеріне қызмет көрсетіледі. Мұнда коронавирус инфекциясына талдау жұмыстары да жүргізіледі.

Полиция госпиталі базасында генерал-майор Арманбек Баймурзин бастаған полиция департаментінің басшылығы, барлық бөлімшелердің қызметкерлері екпе салдыру науқанына қатысты.

– Полиция қызметкерлерін алғашқылардың бірі болып вакцинациялау керек деп санаймын. Өйткені бұл жеке құрамның қауіпсіздігі үшін қажет. Алда да пандемияның қалай боларын болжау қиын. Вакцинаның тегін бөлінуі де мемлекеттің тұрғындар денсаулығы үшін жасаған батыл қадамы. Сондықтан біз денсаулығымызды нығайту арқылы қоғам тыныштығын сақтай аламыз, – деп атап өтті облыстық полиция департаментінің бастығы Арманбек Баймурзин.

Пандемия кезінде облыстық полиция департаментінің 380 қызметкері қауіпті індетті жұқтырған. Қазіргі уақытта төрт полицей ем алуда.

– Қауіпті инфекцияны жеңудің жалғыз жолы – екпе салдырту. Полицейлер медицина қызметкерлері сияқты халықпен тығыз байланыста жұмыс атқарады. Екпе салдыруға өз еркіммен келдім, өйткені бұл менің денсаулығым. Бұл бізге тыныш, алаңсыз өз жұмысымызды жалғастыруға мүмкіндік береді, – деп өз пікірімен бөлісті ПД патрульдік полиция батальонының 5-ші взвод командирі, полиция аға лейтенанты Данияр Аманжолов.

### ЕҢБЕКМИН ҚИЫН ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙДАҒЫ ОТБАСЫЛАРДЫ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ АНЫҚТАЙТЫН ЖОБА ЖАСАП ЖАТЫР

***Бұл туралы ОКҚ-де өткен брифингте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ербол Оспанов айтты.***

Вице-министр 2020 жылы мүгедектігі бар адамдарға техникалық құралдар мен оңалту қызметтерін өндіруші мен жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік беретін Әлеуметтік қызметтер порталы іске қосылғанын, ал мемлекет олардың құнын жеткізушіге өтейтінін еске салды.

– Әлеуметтік қызметтер порталы адами факторды, яғни осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуді ынталандырады. Осы цифрлық алаңның арқасында кезектілік процестері айқын болды, ОТҚ жеткізу мерзімдері қысқарды, жеткізушілер өз рейтингтерін арттыру үшін өз қызметтерін барынша сапалы көрсетуге мүдделі. Әрине, ауылдық жерлерде интернетпен толық қамтылмау, тауарлар мен қызметтерді сапасыз жеткізушілер және әлеуетті жеткізушілердің шектеулі саны сияқты тежеуші факторлар да бар, бірақ бұл бағытта біз Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп жұмыс істейміз, – деп түсіндірді вице-министр Оспанов.

2020 жылы ӘКП-да жеке іріктеуді талап етпейтін ОТҚ-ның 55 түрінің 24-ін сатып алу мүмкіндігі іске асырылды. 28,8 мың оңалтудың техникалық құралы берілді. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап ОТҚ-ның 55 түрі қолжетімді болды. Сондай-ақ портал арқылы жеке көмекшінің, ымдау тілі маманының қызметтеріне және санаторлық-курорттық емделуге тапсырыс беруге болады.

– Сондай-ақ, біз отбасының цифрлық картасын жасау бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Жоба қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларды автоматты түрде анықтауға бағытталған. Деректер білім беру, экономикалық жағдайлар, денсаулық, сондай-ақ тұрғын үй және әлеуметтік жағдайлар сияқты түрлі бағыттар бойынша мемлекеттік органдардың интеграцияланған жүйелері негізінде қалыптастырылатын болады, – деді ол.

Оспанов атап өткендей, бұл азаматтардың инстанцияларға жүгінуін күтпей-ақ, түрлі салалардан белсенді түрде кешенді қолдау шараларын көрсетуге, сондай-ақ қолжетімді индикаторлар арқылы отбасының әлеуметтік жағдайының нашарлауына болжам жасауға мүмкіндік береді.

### «ASHYQ» ҚАРЖЫ ИГЕРУДІҢ АМАЛЫ МА?

***Бұл сауалға ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында «Ashyq» пилоттық жобасын іске асыру туралы» тақырыбында өткен онлайн брифинг барысында ЦДИАӨМ цифрлық шешімдер департаментінің директоры Бекболат Молдабеков жауап берді.***

Бұл жобаға мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінген жоқ. Соңғы кездері індет аяқ тарта бастады. Егер келешекте жобаның қажеттілігі болмай қалса, онда жоба жабылады да, бизнес нысандары бұрынғыдай жұмыс істей береді, – деді ол.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасары Нариман Әбілшайықов «Ashyq» жобасы кәсіпкерлердің бастамасы екенін жеткізді.

Бұл жобаға кәсіпкерлердің өздері қатысып отыр. Жалпы, «Ashyq» платформасы болсын, мұның алдындағы «Инфо Қазақстан» платформасы болсын, елдегі бизнес қауымдастық бұл жобаларды өз ниеттерімен жасауда. Мемлекеттік бюджеттен немесе қандай да бір атқарушы органдардан бұл жобаға қаражат бөлінбеген. Мұны нақты айта аламыз, – деді ол.

Айта кетейік, бұған дейін «Digital innovation and transformation» ЖШС директорының орынбасары Виталий Пустовойтенко заманауи смартфон емес, қарапайым телефон ұстайтын азаматтардың қандай да бір мекемеге қалай кіре алатыны жөнінде түсінік берген еді.

Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифинг кезінде Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова «Ashyq» мобильдік қосымшасын пайдалану ерікті екенін мәлімдеген болатын.

# ЖАҢА ЖОБА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығы жұмысымен танысып қайтты.***



Қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов пен шығармашылық орталықтың директоры Дина Отарбаева былтыр ашылған жаңа корпусты аралатып, үйірме жетекшілері мен тәрбиеленушілердің жеткен жетістіктерін паш етті. Бүгінде 6 жастан 16 жасқа дейінгі 2 мыңнан астам жеткіншекті өнерге баулып, туризм мен өлкетанудың негіздерін үйретіп, экология мен техникалық бағыт беріп, сәндік-қолданбалы өнерге машықтандырып жүрген орталықта дарынды балалармен жұмыс жасайтын «Колорит» студиясы жұмыс жасайды. Жас домбырашылардың өнеріне жоғары бағасын берген қала басшысын гидропоника үйірмесі қызықтырды.

Қазіргі таңда 227 шәкірті бар үйірменің ашылғанына небәрі екі жылдан асса да, олардың өсімдіктерді өсірудегі әдіс-тәсілдері таңдай қақтырарлық. Александр Матвеев жетешілік ететін үйірме келушілері әзірлеген жобалар бірнеше мәрте халықаралық, республикалық гранттарды жеңген. Соның арқасында жобалар іс жүзінде сыналып та үлгерілген. Сусыз жерге тал отырғызып, оны көктету үйірме шәкірттері үшін үйреншікті екен. Олар Талдысай елді-мекені мен Теректі әулие, Жошы хан секілді аймақтағы сакралды орындарға жаңа технологиямен барлығы 100-ге жуық ағаш отырғызған. «Ветсервис» ЖШС, «Омаров» жеке кәсіпкерлігі мен «Өмірбеков» шаруа қожалығымен әріптестік орнатып үлгерген үйірменің шәкірттері дәнді-дақылдардың өнімін арттырып, емдік шөптерді өсіруді де жақсы меңгерген. Соның арқасында өсімдік өсірумен айналысатын саяжайшылар мен жылыжайшыларға, шаруа қожалықтарына әдістемелік көмек көрсетуде.

– Жасаған еңбектеріңіз мақтауға тұрарлық. Бірақ, жобаларыңыз елдің игілігі үшін жұмыс жасауы керек. Біздің қалада жасылдандыру мәселесі өзекті екенін білесіздер. Жезқазғанға жасыл желек керек. Ендеше, неге күш біріктірмеске?! Қалалық әкімдік барынша қолдау көрсетуге дайын. Сіздерге ұсыныс «Жастар» мен «Наурыз» саябағын, қала мектептері ауласына тал отырғызу бойынша жоба әзірлеңіздер, – деген Қайрат Бектайұлының ұсынысын балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығы ұжымы қуана қабылдады.

**Бота ШАЛҚАР**

## АЙШЫҚ

# БЕРЕКЕ-БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ

***Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2016 жылдан бастап күнтізбеге Алғыс айту күні ретінде енген 1 наурыз биыл ерекше аталып өтті. Бүгін бір шаңырақ астына топтастырылған қазақстандықтардың тарихқа тағзым ететін мерекесінің аясы кеңіп, ел басына қара бұлт үйірілткен COVID-19 індетімен күресте қайсарлық пен мейірімділіктің үлесін көрсеткен азаматтарға құрмет көрсетілді.***



Халықтар достығы мен мәдениеті үйі сахнасының шымылдығын түрген «Шалқыма» ансамблінің орындауындағы «Достық» биінен соң қала басшысы Қайрат Әбсаттаров сөз алды.

– Бұл айтулы күн адамгершілік құндылықтарға негізделген. Қазақстан – әр ұлттың басын қосқан ғажап мемлекет. Біздің қаламыздың азаматтары да бір-бірінің қадірін жақсы ұғынады және айтар алғыстарының риясыз ақ көңілден шығары сөзсіз. Себебі, олар түріне, түсіне қарамай қазыналы өлкенің өркендеуіне бірігіп еңбек етуде. Соның арасында ұрпақ өсіріп, тамыр жайып, осы елдің азаматтарына айналды. Бүгінде жезқазғандық этно-мәдени бірлестіктердің өкілдері қиын-қыстау шақта қол ұшын беріп, қамқорлық танытқан қазақ халқына алғыс айту дәстүрін қалыптастыруға атсалысуда. Ізгі ниеттің келер ұрпаққа жол тауып, ортақ Отанымыздың жарқын келешегіне қызмет ететініне кәміл сенімдіміз, – деген Қайрат Бектайұлы құттықтау лебізінде пандемия кезінде алдыңғы шептеп табылған медицина саласының мамандарына, тәртіп сақшылары мен еріктілерге, демеушілік көрсеткен жезқазғандық кәсіпкерлерге алғыс айтып, бірқатар азаматтарды Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен марапаттады.

Еңбегі еленгендердің қатарында Меруерт Аманова, Гүлзат Оразбекова, Нұртілек Құлымжанов есімді ақ халаттылармен бірге эпидемиологиялық ахуалды бақылап, карантин талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз еткен Жезқазған қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметкерлері Ляззат Қадыкенова, Сәкен Құлахметов, сондай-ақ, ішкі істер басқармасының қызметкерлері Тоғжан Мұқанова мен Олеся Котинаның, Айнұр Мұқанова мен Айгүл Молдағаирова бар. «LOVE SUSHI» кафесі мен «BBD company» ЖШС басшылары да марапат төрінен табылды.

Сөз кезегін алған Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Светлана Жумкина Тәуелсіздіктің тұғырын бекітіп, еліміздің экономикасын көтеруге үлес қосқан Қазақстандағы барлық ұлт өкілдеріне және бір атаның баласындай жұмылып, адамзатқа қатер төндірген коронавирус инфекциясын ауыздықтауға қатысқан жерлестеріне алғысын жеткізіп, өзгенің амандығын жеке басының қауіпсіздігінен жоғары қойған оларға Жезқазған қаласының Құрмет грамотасы мен қала әкімінің Алғыс хатын тапсырды.

Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармония әншілерінің партиоттық әндерімен айшықталған мерекелік кездесуде жезқазғандық этно-мәдени бірлестіртер де өнер көрсетті. Тағдыр тәлкегіне түсіп, қазақ жеріне қоныс аударылған түрлі этнос өкілдерін туғанынан кем көрмей, жылы жүзбен, ыстық ықыласпен қарсы алған біздің ата-бабаларымызға «Русская община», «Возрождение», «Любысток», «Дуслык», «Диндалле» этно-мәдени бірлестіктерінің өкілдері әуезді әндерімен ризашылықтарын жеткізді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**




***Қайырымдылық тек волонтерлар жылының еншісінде қалмайтыны сөзсіз. Осыған сай биыл да Президент бастамасымен «Қайырымды істер марафоны» жобасы іске асып жатыр.***

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МАРАФОНЫ БАСТАУ АЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлар жылының жабылу салтанатында: «Еріктілер жылы жалынды жастарымыздың бойындағы ең асыл қасиеттерді дәріптеген ерекше жылға айналды. Бұл жанашырлыққа, жауапкершілік пен қамқорлыққа үндеген кезең болды. Біз мұқтаж жандарға қол ұшын беріп, түрлі қиындықтармен бірге күрестік. Осылайша, адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалайтын қоғам екенімізді таныттық. Әлемді жайлаған індет қайырым мен мейірімнің қаншалықты маңызды екенін анық көрсетті. Қауіпті дерт ел-жұрттың денсаулығын ғана емес, бекем-бірлігін де сынға алды. Біз бір ел, бір халық болып бұл сынға төтеп бердік», – деген болатын.

«Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасының тұжырымдамасына сәйкес іс-шаралардың бірыңғай елдік күнтізбесі қалыптастырылатын болады. Күнтізбеге сай жыл соңында «Ең қайырымды қала», «Ең қайырымды бизнес», «Ең қайырымды аула», «Ең қайырымды ұжым», «Ең қайырымды ЖОО», «Ең қайырымды ауыл», «Ең қайырымды мектеп», «Ең қайырымды редакция» аталымдары бойынша ең жанашыр үздіктер аныталатын болады.

Сондай-ақ, ұйымдастыру комитеті апта сайынғы қайырымдылық істерінің барлығын анықтау үшін жобаның әлеуметтік желілердегі арнайы парақшаларына жазылып, қайырымдылық ісінен хабардар ету мақсатында #ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕРМАРАФОНЫ хэштегін қолдану қажет.

Аталған жобаның ашылу жиыны мысты шаһарда да ұйымдастырылды. С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің бас ғимаратында өткен шараға қала депутаттары мен белсенді жастар, волонтерлар жиналды.

– Біздің қаламызда «Қайырымды істер марафоны» көктемнің алғашқы күнінен басталып жатқанының өзі ерекше жағдай деп білемін. Мен Жезқазғанды толыққанды қайырымды қала санаймын. Жыл бойына волонтерлардың көмегімен қаншама игі істер атқарылды. Көптеген көмекке мұқтаж отбасылар мен денсаулығы нашар жандарға көмек көрсетілді. Бұл істер алдағы уақытта да жалғасын таба беретініне еш күмәнім жоқ. Енді осы марафонға қаламыздағы барлық мекемелер атсалысса тіптен керемет болар еді, – деді алғашқы құттықтау сөзді алған Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімі басшысының міндетін атқарушы Әсем Жұмағұлова.

Қайырымдылық марафонының алғашқы күнінде Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының жанындағы «Жылы жүрек групп» қайырымдылық қоры ассосациясы мен «Жезказганский вестник» газеті ұжымынан құралған «Мейірімді жүрек» волонтерлар ұжымы қаладағы әлеуметтік қолдауға мұқтаж екі отбасының коммуналдық төлемін төлеп берді және бес отбасыға азықтүлік себеттерін табыс етті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# МЕКТЕПТЕ МУЗЕЙ АШЫЛДЫ

***1961 жылы 8 жылдық орыс мектебі болып ашылған қаламыздағы еңселі білім ошақтарының бірі № 13 орта мектептің ұстаздары мен оқушылары әрдайым игі бастамалардың басы-қасынан табылып жүреді. 60 жылдық мерейтой қарсаңында аталған оқу ордасында «Педагогика тарихы» музейі ашылды.***



Иван Жугин, Владислав Грашкин, Людмила Федорова, Надежда Письменская, Ақылбек Шайхин, Светлана Гущина, Хафиз Әбдіхалықұлы, Татьяна Казакова орыс мектебі тұсында басшылық етті. 1989 жылы Михайл Янковский басшылық еткен тұста тұңғыш рет қазақ сыныбы ашылған. Содан бері алдымен қазақ-орыс мектебі, кейіннен қазақ мектебіне айналған білім шаңырағын Галина Набибулина, Қанағат Бекмағанбетова, Шабат Қошан, Сәуле Балмағанбетова сынды ұлағатты ұстаздар басқарды.

– № 13 мектеп десек, алдымен ойымызға білікті басшылар, білгір педагогтер және талапты шәкірттері бар саялы мекен елестейді. Расында бұл мектептің іші ырыс-құтқа, білім мен тәрбиеге толы. Бүгінгі «Педагогика тарихы» музейінің ашылуы жастар үшін де өте пайдалы болды деп ойлаймын. Бүгінгі ұрпақ өзі оқитын жердің тарихын жатқа білуі қажет. № 13 ЖОББМ-де жыл сайын жас мамандар санының артып келе жатыр. Сонымен қатар, жас ер мұғалімдердердің де алғашқы еңбек жолдарын осы мектеп табалдырығынан бастағаны айрықша көңіл қуантады, – деген Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов мектеп ұжымына толағай табыстар тіледі.

Одан әрі сөз алған мектеп директоры Үмітжан Жасынбекова шараға қатысушы қонақтар мен демеуші түлектерге алғысын білдірді.

«Педагогика тарихы» музейінің лента қию рәсімі Жеңіс Әлмағанбетов пен мектептің жас маманы Әйгерім Сейткенге табысталып, қонақтарға мектеп бітіруші түлектер музей ішін аралатты.

**Ай СҮГІР**

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

***Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған көп Жолдауларының бірінде: «Бала тәрбиелеу – болашаққа үлкен инвестиция», – дей келе «Әйел адам ең алдымен – ана. Ал ана – отбасының, мемлекеттің шамшырағы», – деп баса назар аударғаны бар. Бұл тұжырымды ойлар әйел мен бала тағдырының мемлекет үшін маңызды мәселе екенін аңғартса керек. Бүгінде алтын құрсақ ананың амандығы мен баланың жарқын күлкісін қамтамасыз ету жолында мемлекет тарапынан нақты қадамдар жасалып жатқанын мойындау керек. Ерекше қолдаулардан жезқазғандық аналар да кенде емес. Бүгінгі кейіпкеріміз – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауындағы еліміз бойынша кезекте тұрған 30 мыңға жуық көп балалы отбасыларға баспана беру мәселесін үш жыл ішінде шешу тапсырмасын орындау аясында баспанамен қамтамасыз етілген Алмагүл Тілебалдықызы МҰСТАПАЕВА.***

# БАЛАЛАРЫМЕН БАҚЫТТЫ



Бүгінде төрт бала тәрбиелеп отырған Алмагүл жолдасы Арман екеуі жақында жатақханадағы тар бөлмелерін кең сарайға ауыстырды. Үш бөлмелі пәтерге емін-еркін жүгіріп, ойнақтаған ұл-қыздарының несібесі бұнымен шектелмепті. Алмагүлдің қаз өсіру бизнес-жобасы нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында қолдау тауып, 200 АЕК көлемінде мемлекеттік қайтарымсыз грант берілген. Сонымен бірге, қала ішіндегі қоғамдық көлікте тегін қатынау мүмкіндігіне ие анаға мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек пен әлеуметтік жәрдемақы төленеді.

– Көп балалы отбасы ретінде жан-жақты қолдаудың шарапатын көріп отырмыз. Ай сайынғы жәрдемақымен қатар балаларға азық-түлік себеті мен жеке гигиеналық құралдар беріледі. Біз мемлекетке қол жайып отырудан аулақпыз. Қаңтар айынан бастап жаңадан ашылған «Өркен» мектебіне тазалықшы болып орналастым. Жолдасым да кеш келіп, ерте кетеді. Ондағы мақсатымыз – балаларымызды ешкімнен кем қылмай етіп өсіру. Біздің ұл-қызымыз жоғары білімді мамандық иесі атанса деген арманымыз бар. Сол арманды өміршең етпегенше дамыл таппаймыз, – деген Алмагүл Тілебалдықызы Әукеевтер әулетінің үлкен келіні. «Алдыңғы арба қайда барса, соңғы арба сонда жүреді» демекші, шаңыраққа түскен кейінгі төрт келін де екі-үш баланы місе тұтпапты. Осы кезде «Келін қайын ене топырағынан» деп күлген Алмагүлдің екінші анасы Рыскүл Искакова – күміс алқалы ана, 20 немеренің асыл әжесі.

Қос қызы мен қос ұлының тәрбиесіне баса назар аударатын Арман мен Алмагүл балаларын біліммен қатар, өнерге, спортқа баулуға ден қойған. Бүгінде тұңғыштары Несібелі шығыс жекпе-жегімен айналысып, сары белбеуді қорғаса, екінші қызғалдағы Назира – қолөнер үйірмесінің қатысушысы. Оның қиялынан туған мүсіндер ұстаздарының өзін аһ ұрғызады. Балабақша тәрбиеленушісі Нұрәлі ән айтып, би билегенді жаны сүйеді. Кенжесі Аян да өсе келе аға-апаларына еліктеп білімге құштар, өнерге жақын боларына сенім мол.

Өмірде бар жиған байлығы – балаларының амандығын тілеп отырған Алмагүл Мұстапаева оның отбасын құқықтық кеңеспен ғана емес жылы сөзбен қолдауға асық Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйля Әлкебаева бастаған ұжымды, өмірге әкелген анасы Зәуреш Утенованы, «Арман» бөбекжайының директоры Аманкүл Исина мен тәрбиешілер Галина Викторовна, Инга Павловнаны, сондай-ақ, әріптестері Рахима, Жанар, Вера, Света мен Любовьті және барша нәзік жандыларды Халықаралық әйелдер күнімен құттықтап, ана бақытын тілейді. Ал, сөз соңында біз бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеген аналардың көңіліне қаяу түспей, қоғамдағы мәртебесі арта берсе дейміз...

**Диана ОРАЗАЛИНА**



*Аяулы арулар!*
*Құрметті білім саласының қызметкерлері мен ардақты ардагерлер!*

*Сіздерді Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы атынан көктемнің нұрын, сұлулық пен жылулықты ала келетін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын.*

*Сіздер – бір отбасын ғана емес, күллі әлемді аялы алақандарыңызбен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерісіздер. Өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттық нұрын себесіздер. Сіздердің қолдауларыңыз әркімнің жүрегінде сенімділік ұялатып, шуақ сыйлайды. Тәуелсіз Қазақстанымыздағы бейбіт тірлік пен бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да – өздеріңіз.*

*Ақыл мен төзімді, мейірімділік пен іскерлікті бірдей қамтыған сіздердің алдарыңызда бас ие отырып, бүгінгі төл мерекелеріңізде денсаулық, сұлулық, бақыт, қуаныш тілеймін! Мына өмірге сән беріп, жылу таратып, мейірім төгіп, шуақ шашып жүре беріңіздер.*

*Сіздерге шынайы көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға береке - бірлік, еңбектеріңізге табыс тілейміз! Мереке құтты болсын!*

**Төраға Марат ҚОҢЫРБАЕВ**

# АУЫР МІНДЕТ АРҚАЛАҒАН

***Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі қаланың күнделікті тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге жауапты. Осынау қызығы мен шыжығы қатар, қиындығы мол жерде көбіне ерік-жігері мықты, төзімі темірдей жандар еңбек ететінін білеміз. Осы тұста қаланың барлық шаруашылығын мойнымен көтеретін бөлімде көбіне тек ер адамдар еңбек етеді деп ойлауыңыз мүмкін. Десек те, мысты шаһардың жайлы өмірін қамтамасыз етіп отырған мұнда ерлерге қарағанда қыз-келіншектердің саны басым. Бүгінде Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінде 15 адам қызмет етсе, оның тоғызы – нәзікжандылар.***



Аталған бөлімге келгендердің көбі жұмыстың қиыншылығына төзе алмай, шамалы уақыттан соң жұмыстан шығуға өтініш жазатын көрінеді. Оның басты себебі – артылар міндеттің ауырлығы, жауапкершіліктің молдығы. Сонымен қатар, оларға отбасы мен жұмысты қоса алып жүру де оңайға соқпайтын көрінеді.

Бөлімде 2009 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан жанның бірі – Роза Момышова. 2019 жылы қала құрылысы және сәулет бөліміне ауысқан ол көп ұзамай қайтып тұрған үй бөліміндегі сүйікті жұмысына оралды. Қаладағы құрылыс техникумын бітіріп, әрі қарай оқуын Жезқазған политехникалық институтында жалғастырған ол бүгінде заңгер мамандығын да қоса меңгерген. Қазіргі таңда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінде сектор меңгерушісі болып қызмет ететін Роза Сауытбекқызының негізгі міндеті – тұрғындар тарапынан түскен шағымдар мен ұсыныстардың оң шешім табуына жәрдемдесіп, мәселелерге нақты әрі шұғыл түрде жауап беру. Өз ісінде профессионалдық, шыдамдылық, жауапкершілік, жан-жақтылық, іскерлік, ұқыптылық сынды қасиеттерді басты орынға қоятынын жеткізген ол бастысы өз ісін сүю дейді.

– Бөлімде тұрғындармен тікелей жұмыс істейтін – мен. Мен бөлімге түскен әрбір қоңырауды жауапсыз қалдырмауға, тұтқаның ар жағындағы адамның мәселесін толық шешіп беруге тырысамын. Түскен арыз-шағымдарды жедел түрде жауапты мекемелерге жеткіземін. Бізде бірден шешілетін, бірден шешілмейтін және мүлде шешілмейтін шаруалар болады. Расында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөліміндегі әрбір жұмыс бір-бірімен тығыз байланысты. Қаланың 80 пайыз тіршілігі біздің бөлімнің қарамағында. Абаттандыру, жылы су, суық сумен қамтамасыз ету, жылу беру, кәріз жүйесі, газбен қамтамасыз ету, жол мәселелерін шешу – осының бәрі біздің мойнымызда. Одан бөлек түрлі даму бағдарламаларын түзіп, мониторингтік жұмыстарды да атқарамыз. Дегенмен, маған өз жұмысым қатты ұнайды. Үйреніп қалғаным сонша, бұл жерден бөлек жерге барғым келмейді, – дейді Роза Сауытбекқызы.

Былтыр жұмысын тоқтатқан қалалық автокөлік жолдары басқармасында 20 жыл еңбек еткен Бахтина Әлкенова да тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөліміндегі жұмысы айтарлықтай қиындық тудырмайтынын айтады. Себебі осы салаға жастайынан бейімделіп, шаруашылық жайынан ерлерден де жақсырақ хабардар ол қазіргі уақытта бөлім басшысы Ержан Есетовтің кеңесшісі. «Өзімді осы саладан бөлек жерде елестете алмаймын» деген Бахтина Әлкенова төзім мен тәжірибе және тәртіп болған жерде ғана іс өнімді болады дейді.

2007 жылдан бастап аталған бөлімде есепші болып еңбек етіп келе жатқан Гүлмира Әубәкірова – 4 баланың анасы.

– Әрине, әйел адам үшін отбасы мен жұмысты қатар алып жүру оңай емес. Дегенмен, жыл сайын шыңдала түсесің. Қай кезді алсақ та бөлім мамандарының жұмысы тым қарбалас. Кезінде әрбір маман бір салаға жауапты кездер де болды. Жұмыс көп сол тұстарда біріміздің орнымызды алмастыратын адам таппай, еңбек демалысына да шыға алмаған кездеріміз болды. Қазір бөлімде жаңа жұмыс орындары ашылып жатыр. Жастар көптеп келуде. Ұжымымның ауызбіршілігі мен қарапайымдылығын жақсы көремін, – дейді ол.

Бөлімдегі жас мамандардың бірі – Жансая Мүсрәлимова. Сырттан келетін барлық құжаттарға жауапты Жансая да – 3 баланың анасы. «Жұмысымды абыроймен атқарып жүргеніме жолдасымның да көмегі зор. Оның қолдауынсыз алаңсыз жұмыс істей алмас едім. Мен үшін бұл бөлімде еңбек ету үшін, алдымен, қалаға шынайы жанның ашуы қажет. Мен өз қаламды, сүйікті Жезқазғанымды жақсы көремін. Оның өсіп-гүлденгенін, көркейгенін, тұрғындарына жайлы болғанын қалаймын. Сол үшін де қала азаматтарының сенімін ақтау ниетте аянбай еңбек етудемін» деген ол жұмыс барысында бар көрген-білгенін үйретін, тәжірибесімен бөлісіп жүретін Роза Сауытбекқызы мен өзге әріптестеріне алғысын білдіріп, көктеммен қатар келген шырайлы қыз-келіншектердің төл мерекесімен құттықтады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# СЕРТІНЕ – БЕРІК, ІСІНЕ – АДАЛ

– Жезқазған қалалық мәслихаты аппаратында барлығы 6 нәзік жанды қызметкер бар. Олардың төртеуі – мемлекеттік қызметкер, өзгесі – келісімшарт негізінде қабылданған. Бас маман лауазымындағы Бибігүл Жалғасқызы мен Гүлшат Мұхатқызы қалалық мәслихат құрылған 1994 жылдан бері адал еңбек етуде. Көргені көп, жинақтаған тәжірибесі мол қос маман ұжымға кейіннен қосылған әріптестеріне бағыт-бағдар беріп, қолдап жіберуден шет қалған емес. Айнагүл Бақытқызы – білікті заңгер, Ырзагүл Бейсенқызы – көп балалы ана «қызметін» бас бухгалтер лауазымымен қатар алып жүр. Бізден зейнеткерлікке шыққан Наталья Михайловнаның ұйымдастырушылық қарым-қабілетін жоғары бағалап, статист ретінде алып қалдық. Қабылдау бөлімінің инспекторы Арайлым Нұртазақызы мәслихат хатшысының тапсырмалары мен өкімдерінің орындалысын бақылауды жүзеге асырады, – деп әр маманға жекелей тоқталған аппарат жетекшісі әріптестерінің бойында мемлекеттік қызметкерге тән жауапкершілік, ісіне деген адалдық пен тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнату сынды қасиеттердің барын тілге тиек етті.

– Аппаратта бәрімізге ортақ талап бар. Ол – алдымызға келген азаматтардың мәселесін шешудің жолдарын табу, оның жүрегіне сенім ұялату. Күн сайын біз сан түрлі проблемасы бар азаматтармен жолығамыз. Бірінің көңілі түсіңкі, енді бірі атойлап келеді. Сондай кезде біздің қыздардың кәсіби дағдылары көмекке келеді. Олар әр азаматтың көңілін тауып, мәселесінің оң шешім табуына атсалысады. Бүгінгі сәтті пайдалана отырып, әріптестерімді көктемнің шуақты мерекесімен құттықтаймын. Өздеріне жүктелген міндеттерді мінсіз орындайтын олар – бір-бір үйдің түтінін түзу түлетіп отырған жандар. Мамандардың алды – асыл әжелер. Олардың тату да тәтті шаңырағынан бақыт пен шаттық кетпесін деп тілеймін. Жақындары аман, дендері сау болсын, – деп ақ тілегін ақтарды Александр Ким.

Бір емес жеті бірдей шақырылым депутаттарымен жұмыс жасап жүрген Бибігүл Жалғасқызы тұрақты комиссиялардың отырысын үйлестіріп, мәслихат сессияларына әзірлікті жүргізіп, халық қалаулыларының сайлаушылармен кездесуін ұйымдастырса, хаттар мен өтініштерді қарау, азамттарды қабылдауды ұйымдастырып, мәслихат депутаттарының мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен өзара байланыс орнатуы Гүлшат Мұхатқызының мойнында. Ортасында тәжірибелі заңгер ретінде бағалы Айнагүл Дәулеткелдина мәслихат шешімдерінде ел заңдарының қатаң сақталуын, сонымен бірге нормативтік-құқықтық актілердің тиісті тіркеуден өтуін, БАҚ бетінде жариялануын қамтамасыз етеді. Жыл бойы сессиялардың жұмысын ұйымдастырып, депутаттар қарауында болған жүзеген мәселенің шешімін рәсімдеп, берілген ұсыныстардың орындалысын бақылайтын аппарат мамандарының міндеттемелерінің барлығын қамтып шығу мүмкін емес.

Билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналған, білім-біліктілігінен бұрын, адамгершілік асыл қасиет пен ананың сүтімен келетін тәлім-тәрбиені бойына жинақтаған Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты аруларының ел игілігі жолындағы еңбегі әр жылдары Құрмет грамота, Алғыс хаттармен, сондай-ақ, 2019 жылы «Қазақстан Республикасының мәслихаттарына – 25 жыл» мерекелік медалімен еленді.

**Бота ШАЛҚАР**

# БІЗДІҢ ТӘРБИЕШІ

***Саналы ғұмырын ұлт болашағы, бала тәрбиесіне арнап жүрген білікті басшы Әсем Қалиқызы Әбенова басшылық ететін Сәтбаев қаласы «Алпамыс» бөбекжайында біздің сүйікті тәрбиешіміз еңбек етеді. Осы бір жылы жүзді, мейірімді жан ақжарқын көңілмен біздің бөбектерімізді күтіп қарсы алып, кешке жақсылық тілеп шығарып салатын, қимыл-қозғалысы ширақ, өз ісіне жауапты жан – Сәуле Тұрсынқызы АСАНОВА.***



– Осы бөбекжайдағы «Балапан» кіші тобы құрамындағы 2-3-жасар бөбектеріміздің тілін тауып, көңілінен шығу, ата-аналарының балапандары үшін алаңдамай, еңбек күндерімізді табысты аяқтауымызға біздің тәрбиешіміздің де үлесі бар , – дейді ата-аналар ризашылықпен.

Осы балабақшада бірнеше ата-ананың тұңғыштарының тәрбиешісі Сәуле Тұрсынқызы болса, кейінгі бөбектерінің де осы кісінің алдынан тәрбие алғанын қалайтын ата-аналар легі баршылық. Себебі сәби жүрегінің дүрсілін дөп баса алатын тәрбиеші жылдар сыйлаған тәжірибенің арқасында ата-аналар сенімінен шыға біледі. Заман ағымына сай жаңа технологияларды меңгеріп, білім , білік дағдыны ұлттық құндылықтармен үйлестіре пайдаланатын шебер тәрбиеші бүлдіршіндерін тазалыққа, жинақылыққа, жауапкершілікке, бір-біріне қамқор болуға, қолындағы барымен бөлісіп, қоршаған ортаға, айналаға жанашыр болуға үйретеді. Ата-аналар Сәуле Тұрсынқызын «Біздің тәрбиеші» деп мақтанышпен атайды.

Адал еңбек елеусіз қалмайды. Қарағанды облысының білім басқармасының білім беру саласының өркендеуі жолында, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі ерен еңбегін жоғары бағалаған Алғыс хаты біздің тәрбиешіге тапсырылып, марапат өз иесін тапқан болатын. Сәтбаев қаласының әкімі А.Ыдырысовтың «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің үздік педагогы» номинациясын жеңіп алуы да адал еңбектің лайықты бағалануы деп білеміз.

Біз, «Балапан» тобының ата-аналары балабақшамыздың жаңашыл басшысы Асем Қалиқызын, тәрбиешіміз Сәуле Тұрсынқызын алдағы келе жатқан көктем мерекесімен, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен сүйікті газетіміз арқылы құттықтай отырып, отбасына береке, мықты денсаулық, шығармашылық өрлеу тілейміз!

**Мерекелік тілекпен: «Балапан» тобының ата-аналары атынан Серік Исабайұлы БАЙСЕЙІТОВ, Әдемі Қабылжанқызы ДОСМАҒАНБЕТОВА.**

## ӨЛКЕТАНУШЫ СҮТЕМГЕН БҮКІРОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

# ӨҢІР ТАРИХЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ



**(Соңы. Басы 1-бетте).**

*Жолдас Сүтемген!*

*Сізден сұрайтын бір өтініш бар. Қазір жазып жатқан кітапқа Жезқазған кенін кіргізу керек еді, бірақ қолда анық мәлімет болмаған соң бөгеліп отырмыз. Ол мәліметтің барлығы Жезқазған музейінде, 1946-1949 жылдары менің тапсыруым бойынша Н.В.Валукинский қазып тапқан археологиялық мәліметтер. Оның көбі Милықұдық, Сорқұдық, Айнакөл түбінен табылған.*

*Көзе сауыттар, солардың сынығы. Әсіресе үскі ернеулері, өрнектелген сауыттың сынықтары.*

*Мыс, темірден, күмістен жасалған өрнекті заттар, аспап-қарулар, солардың сынықтары.*

*Осыларды суретке түсіріп жіберуді сұраймын.*

*Әлкей Марғұлан,*
*2 март 1972 ж.*

«Жезқазғанның бағын ашқан геолог Қаныш» деген очеркі айтулы ғалым мен оның ісін жалғастырушылар туралы жазылған сүйекті туындылардың бірі. Сүтекеңнің інісі, қаланың және облыстың Құрметті азаматы Төлеген Бүкіровтің ағасы туралы естелігінде айтылған мына бір жай ол кісінің болмысын барынша айқындай түседі.

*«Көкемнің Қаныш Сәтбаевқа деген сүйіспеншілігі бөлек болатын. Әлі есімде, Қаныш дүниеден өтті деген суық хабарды естігенде ол кісінің балаша жылағанын өз көзіммен көргенмін. Қаныш Имантайұлының үлкен портреті көкемнің төргі бөлмесінде ұдайы ілулі тұратын. Сүтемген көкем 1970 жылы бізді Алматыға оқуға алып барды. Сол жолы Сәтбаевтың үйіне бардық. Таисия Алексеевна бізді жақсы қарсы алды. Сол кездесуде ерекше есімде қалғаны Т.Алексеевнаның: «Сүтемген, қолымдағы Қаныш туралы деректерді мен саған тапсырайын, кітап етіп жазшы. Осы құжат-деректерді талай адам сұрады. Соңғы кезде Медеу Сәрсекеев деген жазушы қайта-қайта келіп сұрап жүр. Ешкімге бермей отырмын. Сен Қаныш туралы біраз деректер жинап жүрсің ғой, қолымдағылардың барлығын алып бір кітап етіп шығарсаң» деген өтініші болатын.*

*Көкем ойланып, біраз үн-түнсіз қалды. Жүзі күреңітіп кеткендей болды сол сәт. «Таисия Алексеевна, сеніміңізге көп рахмет! Қаныштай зор тұлғаны, бірақ мен жеткізіп суреттей алмаспын деп жасқанамын. Қанышты өзі сияқты заңғар жазушының жазғанын жөн көремін, – деді көкем ақырын күрсініп».*

Әлекеңнің 1974 жылдың 3 ақпанындағы мына бір хатында сондай тағы бір өтініш жасалғанын көреміз.

*Ардақты Сүтемген!*

*Көп сәлем. Жаңа жылдың түсуімен құттықтап, жылы көңіл білдіргеніңе зор алғыс айтамын...*

*...Күзді күні Алматыда жолыққанымда менің жазып жатқан кітабыма Жезқазған мәдениетінен бірнеше фотолар керек екенін айтқан едім. Бір ай шамасында кітапты баспаға беру үшін сол фотолар қатты керек болғалы тұр, бұдан былай кешеуілдетуге болмайды. (Одан әрі ғалым Әлкей Марғұлан не керек екенін тізбелеп жазып, оларды суретке түсіру жайын тәптіштеп түсіндіреді).*

Міне, Жезқазған қаласының мемлекеттік архивіндегі Сүтекеңнің 289-шы мұрағат қорына және тарихи-археологиялық музейдегі мұраларға зер салған адам мұндай маңызды хаттар мен қызықты деректерді көптеп кездестірері анық. Өлкетанушы С.Бүкіровтің авторлығымен облыстық, республикалық газеттер мен журналдарда жарияланған құнды дүниелер қатары да аз емес. Ол еңбектері тарихи деректерді таразылап жүргендердің көзін ашып, талайының көңіліне азық болғаны да ақиқат. Меккеде болған бабалар, Ұлытау өңірінен шыққан ақын-жыршылар, оның ішінде Тайжан, Иманжан, Қожабай, Болман ақын, Нұрғали Итембаев, Досжанның Айтбайы, Нияз Ожанов туралы ол кісі көптеген құнды мақалалар жазды. Өлең-жырларын жинақтады. Аманкелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушылар туралы көнекөз қариялардан көп естеліктер жазып алып қалды. Оларды өзінің шығармашылығына өзек ете білді. «Қайран Тәшібай», «Аманкелдінің ұстасы», «Қаныштың шофері», «Әбдіхайдың әңгімесі» сияқты деректі жазбалары осыған айғақ. Сүтемген Тақабайұлының бастамасымен Қаражар шайқасы болған жерге ескерткіш тақта орнатылып, жазалаушы жасақпен болған ұрыста опат болған 17 сарбаздың аты-жөндерінің анықталып жазылып қоюы да айтарлықтай сауапты іс болды.

Сүтекең Жезқазған кенді аймағын игеруге байланысты да бағалы деректерді молынан жинақтап қағазға түсіріп кетті. Қазақ КСР Түсті металлургия министрінің бірінші орынбасары, Социалистік Еңбек Ері М.Бөпежанов, Қ.И.Сәтбаев атындағы геология институтының ғалымы, белгілі геолог С.Сейфуллин, жазушы М.Қаратаев, Байқоңыр өңірінде кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысқан революционер, аймақтағы медицинаны қалыптастыруға зор үлесін қосқан фельдшер И.В.Деев сынды көптеген тұлғалармен өңір тарихына қатысты мәселелермен барып жолыққаны туралы жазғандарынан айқын аңғаруға болады.

Сүтекеңнің Қаныш Имантайұлына деген құрметі ерекше еді. Қанекең Қарсақбай аудандық кеңесінің депутаты болған 1939 жылдан бастап ғұлама ғалым туралы әлденеше рет мақала жазып, көптеген тың деректерді тілге тиек еткенін көруге болады. Қаныш Сәтбаев КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат ретінде халықпен кездесу өткізгенде, сондай-ақ, ол кісінің басшылығымен 1961 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Жезқазғанда өткен көшпелі сессиясында да С.Бүкіров сөз алып, өз пікірін бүкпесіз айтумен ерекшеленіпті.

Міне, осы оқиғаның өзі Сүтекеңнің әр іске үлкен жауапкершілікпен байыпты қарағанын, әрі өзінің қабілет-қарымы мен мүмкіндігін дұрыс бағалай білетіндігін көрсетеді. Айта берсек, абзал ағаның мұндай өнегелі істері мен ұрпақтан-ұрпаққа жетер ұлағаты аз емес.

### Боздақтардың жоқтаушысы

Өмірде Сүтемген ағамен кездескен кездерімді аса бір ризашылықпен еске алып жүремін. «Боздақтар» атты облыстық «Зерде» кітабын шығару барысында ол кісімен бірге қоян-қолтық жұмыс атқарып, жақын араласып кеткен едік.

...Облыстық «Сарыарқа» газетінде істеп жүрген кезім. Әлі есімде, 1994 жылдың қазан айының басы болатын. Редакторымыз Сабыр Сауытбаев мені шақырып алып, облыс әкімшілігінің «Зерде» кітабын шығаруды жоспарлап отырғанын, жалпы жұмысқа қадірменді ақсақал, белгілі өлкетанушы Сүтемген Бүкіров басшылық жасайтынын бипаздап жеткізе келіп: «Бізден көмекке бір журналист сұрап отыр, соған сені жіберуді қолайлы көріп отырмын», – деді. Сәл ойланып қалған маған шегінуге жер жоқтығын шегелегендей етіп, «бұл өзі Жеңістің 50 жылдығына әзірлікке байланысты жауапты тапсырма, әрі негізгі жұмыс орныңдағы жалақың да сақталады» дегенді қосып қойды. Сонымен облыс үшін маңызды да қасиетті іс саналып отырған екі томдық «Боздақтар» кітабын шығару үшін Сүтекеңнің қарамағында алты ай жұмыс істеу үшін кете бардым.

Іле-шала облыс әкімінің өкімімен редакциялық алқа мен жұмыс тобының құрамы құрылды. Жұмыс тобына жалпы басшылықты Сүтемген Бүкіров жасайтын болды. Осы жұмысқа орыс газетінен тартылған әріптесіміз Сапарбек Боранбаев орысша нұсқаларын, мен қазақша нұсқаларын дайындап, өңдеуге кірісіп кеттік. Бұрын редакцияға мақалаларын әкеліп жүрген кезінде Сүтекеңмен шамалы әңгімелесіп қалып жүргенім болмаса аса жақын біле бермейтінмін. «Боздақтар» кітабын шығаруға келгеннен бастап ол кісімен көп жылғы таныстардай-ақ емен-жарқын араласып кеттік. Жаратылысынан қарапайым, тарихи мұраларды көзінің қарашығындай сақтап жинақтап жүретін ақсақалмен жұмыс барысында сырласып, туған өлке, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев еңбегі, Жезқазған өндіріс ошақтарының тарихы жайлы әңгіме-деректерге кеңінен қанығудың сәті түскен еді. Жұмыс тобында қолжазба редакторлары болып бекітілген Сапарбек екеуміздең басқа қазақша-орысша басатын екі машинистка, екі корректор және басқа да көмекшілер болды. Бізге сол кездегі облыстық әскери комиссариаттың ғимаратынан орын берілген болатын. Өйткені, Подольск қаласындағы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен майдангерлер жөніндегі деректердің барлығы осы әскери комиссариатқа келіп түседі екен. Ол уақытта қазіргідей компьютер заманы емес, жұмыстың барлығын қолмен атқаруға тура келетін.

Облыс әкімінің орынбасары Жұмағали Наурызбайдың тікелей тапсырмасымен машинкалар және жұмысқа қажетті басқа да жабдықтар берілді. Кітапты шығарудың мерзімі белгіленіп, «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясымен келісімшарт жасалды. Барлық ішкі ұйымдастырушылық жұмыстарын Сүтекең жүргізді. Ол кісі апта сайын әкімшілікте болып келіп, жаңа тапсырмалар, қосымша міндеттер жайлы да айтып отырады. Оның үстіне майдангерлер жайлы тың деректер де үсті-үстіне келіп, күн сайын түсіп жататын. Жалпы облыстық «Зерде» кітабын шығару жөніндегі бастама бұдан көп уақыт бұрын көтеріліп, өлкетанушы С.Бүкіровтің жинақтауымен жезқазғандық боздақтардың тізімі 1990 жылдан бері облыстық газетте жарияланып жүретін. Бұл оқырмандардың көмегімен Ұлы Отан соғысында қаза болғандардың тізімін толықтыра түсуге мүмкіндік берген еді. Газет жарияланымдарын көрген майдангерлердің ұрпақтары мен жақындары қалып қойған боздақтардың есімдерін қосып, толықтыру үшін Сүтекеңе біраз материалдар ұсыныпты. Боздақтардың жоқтаушысына айналған өлкетанушы кезінде Подольскідегі әскери архивке де осы мақсатпен бірнеше рет барған көрінеді.

Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен түскен мәліметтерді сараптап, кітапқа дайындау біз ойлағандай оңай шаруа болмай шықты. Соғыста опат болғандар мен майдан даласында хабарсыз кеткендердің деректерінің әртүрлі болуы көп кездеседі. Кейбір адамдардың аты-жөндері орысша жазылғанда адам айыра алмастай күйге түскен. Әсіресе, қазақтардың аты-жөндері түсініксіз болып бұрмаланған. Кітапты құрастырушылар оларды «осылай болуға тиіс» деген ыңғайға икемдей отырып, архив құжаттарындағы нұсқадан да алшақтап кетпеуге тырысады. Көп жағдайда Сүтекеңмен кеңесіп, сол кісінің айтқанына жүгінеміз. Ол кісі архивтен келгендерді бұрын жинақтаған өзінде бар нұсқамен салыстырады, ерінбейді. Кейде шаршап та қалады. Тізімдегі әр адамның соңында белгілі бір тағдыр бар екенін жиі айтатын.

– Бұл қаралы тізімнің әр жолында соғыс жылдары басына қайғы түскен отбасының жағдайы тұр. Қате кетпесін, қалып қойған адамдар болмасын, – деп сол кезде денсаулығының болмай жүргеніне қарамастан шаруа жайына ыждағаттықпен араласып отыратын.

Баспаның белгіленген мерзімінде қолжазбаны тапсыру үшін уақытпен санаспай жұмыс істеуге тура келді. Сондай қауырт істерден сәл-пәл тыныстаған сәттерде Сүтекең өткен-кеткен жайларды еске алып, ептеп әңгімеге ерік береді. Кейде ақырын жымиып, әзіл айтып көңілімізді сергітіп қоятын.

– Осы Кеңгір су қоймасы тұрған жерді ерте заманда Наушабай сайы деп атаушы еді. Бекболат еліне жататын біздің ата-бабаларымыз осы өңірде өмір сүрген ғой, – деп бастайтын сонда аңқылдақ қария. – Жаз жайлауға, қыс қыстауға көшкен кезде ауыл осы Наушабай бойында біраз уақыт аялдағаны болмаса, бұл жерде тұрақтап көп отыра қоймайды екен. Осындай құладүзге ұйысып ел мекендеп, қала орнайды деп кім ойлаған. Барлығы Қаныш сынды ғұлама ғалымның еңбегінің арқасы ғой, – деп бір қайыратын әңгімесін.

Кейде өзінің атақты адамдармен, жазушылармен жас кезінен тығыз байланыс жасағандығы жайлы да сыр шертетін. Жезқазған өңірінің тарихи деректерімен қатар оның атақты адамдары туралы өзінде мол деректер бар екендігі жайлы мақтанышпен әңгімелейтін. Кезінде Сәбит Мұқановпен, Әлкей Марғұланмен және басқа да белгілі адамдармен хат жазысып тұрыпты. Олар жергілікті өлкетанушыға қолқа салып өңірге қатысты біраз құнды деректерді анықтатып, сұрап алып отырған. Сүтекеңнің Бағаналы елінен Меккеге қажылыққа барғандарды зерттеп, мешіт-медреселерді анықтап мақалалар жазуына осы кісілердің қозғау салуы себеп болған екен. Басқа да жинақтаған деректері жеткілікті. Үйдегі жеке архивіндегі осы том-том материалдарын реттеп, бір кітап етіп шығару жөнінде де ойы бар екенін айтып қоятын.

Еңбекқор қарияның басшылығымен жұмыс тобындағылар «Боздақтар» кітабының бірінші томына енетін дүниелерді екіжарым ай ішінде аяқтап, жаңа жыл қарсаңында баспаға тапсырдық. Әуелде майдан даласында қаза болған немесе хабарсыз кеткен жауынгерлердің аты-жөні ғана көрсетілген қолда бар деректерді өмірбаяндық мәліметтерімен толықтыру, одан соң ататектерін алфавит бойынша ретке келтіру қанша асыққанмен біраз уақытты алған еді. Барлығы екі мыңға жуық адамның тізімі қолдан өтті. Сүтекең сонымен қоса, соғыс жылдарында майданға жөнелтілген әрбір төртінші оқтың Жезқазған мысынан құйылғандығы, осындағы құю-механикалық зауытында зеңбірек үшін мина өндіру жолға қойылғандығы, 1942 жылы 38 күн ішінде Жезді марганец кеніші салынып, танкінің болат қалқанына қажетті марганецпен қамтамасыз еткені туралы дерек көздерін міндетті түрде қамтуымызды қадағалады. Жезқазған ауданының өзінен ғана 10 мыңнан астам адам майданға аттанғаны жайлы цифрларды дәйектеп көрсете отырып, жауынгерлердің сарғыш тартқан әскери суреттерінің де кітапқа енгізілуіне көп еңбек сіңірді. Ұрыс даласында қаза болғандардың қатарында Сүтекеңнің ағасы Барақбай Бүкіров та бар екен.

Енді жалғыз Ұлытау-Жезқазған өңірі емес, облыстың «Боздақтар» кітабына Балқаш-Қоңыраттан, Ақтоғай-Шеттен, Жаңаарқа-Қаражалдан соғысқа аттанып, майдан даласынан оралмағандардың қолда бар деректері енгізілуі қажет болды. Жұмыс ауқымы бұрынғыдан кеңейе түскенімен, қолжазба өңдеушілердің тәжірибе жинақтап қалғанынан болар, екінші том көп кешіктірілмей 1995 жылдың наурыз айында баспаға тапсырылды. Алайда, әлі де адасып басқа облыстардың әскери комиссариатында жатып қалған және Подольскіден қосымша жіберіліп жатқан деректер тоқтаусыз келіп жатты. Оларды сараптай келіп Сүтекең: «мыналардың ішінде екі томға да енбей қалған адамдар аз емес екен, Жеңістің 50 жылдығынан соң соларды жинақтау керек» деп тағы бір тың шаруаның шетін шығарып, ниеттеніп жүретін.

«Боздақтардың» алғашқы томы қолға тигенде көп жылғы еңбектің өтеуіндей болған осы кітаптың шығуына, әсіресе Сүтекең қатты қуанып, қызыл мұқабасын қастерлей сипап көңілі босағанын көрдік. Бұл – боздақтардың жоқтаушысының талай жылдан бері көңілінде жүрген асыл арманының жүзеге асқанына ризашылық танытып, жан толқыған сәті еді. Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай шығарылған қызыл мұқабалы осы кітап қасиетті мұра ретінде әр үйдің төрінен орын алғаны анық.

### «Музей ата»

Қаныш ағадан тағылым ала жүріп, тағдырын өңір тарихымен байланыстырған Сүтемген Бүкіров құнды жәдігерлердің сырын зерделеп, оларды жинақтауға да айрықша мән берген еді. Ол Ұлытау-Жезқазған өңіріне келіп, көне заман ескерткіштері мен тарихи мұраларды зерттеп, зерделеген Әлкей Марғұлан сынды археолог ғалымдармен, қайраткер жазушылармен бірге жүріп, көп жерлерді аралады. Бірте-бірте келген қонақтарға өзі жолбасшылық жасайтын болды. Тарихи қазыналарды тірнектей жүріп этнографияға, археологияға да қызығушылық таныта бастады. Оның өмірлік осы ұстанымы ақырында мұражай ісін ұйымдастыруға әкелді. Бүгінгі Қ.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейі осы кісінің тынымсыз еңбегінің арқасында ұйымдастырылған болатын. Бұл музей сол кезеңде-ақ Жезқазған кен-металлургия комбинатының құрамындағы құнды мұралардың рухани ордасына айналды. Жәдігерлерін тірнектеп жинақтап, өз қолымен құрған комбинаттың музейін Сүтекең 1969 жылдан 1992 жылға дейін 23 жыл бойы абыроймен басқарды. Сол жылдарда музей ісіне тереңірек қанығу үшін ол кісі еліміздің үлкен қалаларына барып, осы саладағы рухани орындарда көп болды. Сондай-ақ Мәскеудегі, Ленинградтағы музейлерде де болып, тәжірибелерімен кеңінен танысты. Олардан музей қызметінің негізгі бағыттарын ыждағаттылықпен үйренді.

Ізденімпаз, еңбекқор жанның есімі көбінесе аймақтағы музей саласының негізін салушы ретінде аталатыны белгілі. Осыған орай ол кісінің жақындары мен жиі араласқан жандардың көбі «Музей ата» деп атайтын. Қарсақбайдағы Қаныш Сәтбаев музей-үйін де Сүтемген аға ұйымдастырды. Әуелде мұнда Қанекеңнің киімдері, қолданған ыдыстыры, сиясауыты, қаламсап, көзілдірігі, домбырасы, насыбай шақшасы сияқты заттар мен мрамордан жасаған екі үлкен мүсіні (бюсті) қойылған болатын. Қыздары Ханиса мен Мейіз әкелген шкатулкаларда Ұлытау-Жезқазған өңірінен табылған минералдардың 23 түрі болыпты. Кейін экспонаттар қатары толыға түсті. Туған жері Қарсақбайға Қаныш ағаның екі қызы 1969 жылы келгенде былай деп жазба қалдырыпты: «Біз өзіміздің балалық шағымыз өткен Қарсақбайға келгенімізге өте қуаныштымыз. Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арналған мемориалдық музей бұрын біздің үй болған еді. Тап осы үйде біздің папамыз көп жылдар бойы Жезқазғанның байлығын ашумен айналысты. Дәл осы үйде аса ірі кен-металлургия кәсіпорнының келешегі туралы, жасыл желек жамылған жаңа қала туралы армандады. Музей бізді ерекше толғандырды. Мұндағы документтер мен экспонаттар кімге болсын ыстық. Біздің бүкіл семьямыздың атынан осы ескерткіш бұрышты жасаушыларға үлкен алғыс айтқымыз келеді. Ханиса және Мейіз Сәтбаевалар». Айта кетуге болады, Ханиса – Қазақстандағы валеология ғылымының негізін салушы, медицина ғылымдарының докторы. Сүтекеңмен бір жылы туған адам. Мейіз әкесінің жолын қуған геолог болып, геология-минералогия ғылымының докторы атанды. Екі қайраткер қыз да ғылым қиясына Қарсақбайдан қанат қаққандарын ризашылықпен айтады екен.

Қарсақбайдағы Қанекең үйіне орын тепкен бұл музей бүгінге дейін жұмыс істеп тұр. 1995 жылға дейін «Жезқазғантүстімет» ӨБ-інің тарихи-өндірістік мұражайы бөлімшесі ретінде істесе, қазірде Жездідегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің құрамында. Қаладағы қазіргі тарихи-археологиялық музей 1978 жылдың 14 маусымында Жезқазған кен-металлургия комбинаты тарихи-өндірістік музейінің базасында облыстық тарихи-өлкетану музейі болып құрылғаны белгілі. Оның алғашқы директоры Сүтемген Бүкіров болды. Кезінде он мыңға жуық экспонат жинақталуына үлесін қосқан Сүтекең комбинаттың тарихи-өндірістік мұражайындағы өз қолымен жинақтаған мыңнан астам жәдігерді жаңадан ашылған облыстық музей қорына тапсыратыны да осы сәт. Оның алғашқы кезден ойдағыдай жұмыс істеуіне ықпалын тигізіп, біраз жыл осы музейді басқарды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен археологиялық экспедициялар ұйымдастыруды жолға қойды. Музей қызметкерлері Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамында біраз археологиялық қазба жұмыстарына қатысты. Бірте-бірте өз алдарына дербес жұмыс істеу машығын үйреніп, Ұлытау өңіріндегі қола заманның қонystары мен ортағасырлық ескерткіштерге зерттеулер жүргізді. Құнды ғылыми жаңалықтар ашып, қордағы жәдігерлер қатарын тарихи мұралармен толықтырды. Тарихи-археологиялық музейі болып аталуларына да осы жұмыстарының әсері тигені анық. Сүтемген Бүкіровтің осы еңбектерін көре жүріп, ақын замандасы Нұрәсила Бәрменбаева өз жырына арқау еткені бар. Сол тоғыз шумақ өлеңнің бір шумағы төмендегідей.

*Сол кісіге әркімдер-ақ таңданады*
*тамсанып,*
*Бір тынымсыз жұмысына жүргені*
*деп жан салып.*
*Елімізде ол бармаған қала менен*
*дала жоқ,*
*Ол музейге экспонат жиды дейсің*
*қаншалық.*

«Музей ата» Жезқазған жеріне табан тіреген ғарышкерлермен де жақсы байланыс орнатып жүретін. Олардың кәдесыйлары мен кейбір ғарышқа қатысты заттарды сақтай келе бұл кісіге тағы бір тың ой келсе керек. Ұшқыш-ғарышкерлердің қолдау білдіруімен ИЛ-18 ұшағының бортында космонавтика музейін ұйымдастырды. Республикада тұңғыш ашылған ғарышкерлер музейінің қорына 1500-дей жәдігер жинақталған-тын. Бұл ерекше музей Кеңгір жағалауындағы көрнекі жерге орналасып, оған қызыға келушілер көп болды. Мәскеу қаласымен тығыз байланыс жасасып тұрды. Сүтемген Тақабайұлы 1982 жылы Калугаға К.Циолковскийдің 125 жылдық мерейтойына арналған ғылыми конференцияға арнайы шақырту алды. Сол сапарында Циолковский атындағы космонавтика музейінде және Мәскеудегі осы салаға қатысты музейлерде болып, біршама тәжірибе алмасып келген еді. Сүтекеңнің бар кезінде комбинаттың тарихи-өндірістік музейінің филиалы ретінде жап-жақсы жұмыс істеп тұрды. Өкінішке орай, ұшақтағы бұл музей кейінде жабылып қалды. Экспонаттары қалалық музей қорынан орын алды.

...Өлке тарихының шынайы жанашыры Сүтемген Тақабайұлының биыл туғанына ғасыр толса, өмірден өткеніне де ширек ғасыр болғалы отыр. Елеулі еңбегіне орай көзі тірісінде «Құрмет белгісі» орденімен, академик С.Королев және тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин атындағы медальдармен марапатталған. Жезқазған облыстық ғылым мен білімді дамыту жөніндегі «Парыз» қорының Ә.Бөкейханов атындағы сыйлығының иегері, 1990 жылы Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атанды. Қаланың Рыбачий ауданында атына көше берілген. Қалалық мемлекеттік архивтің ұйымдастыруымен С.Бүкіров атындағы ғылыми-теориялық конференция өтіп тұрады. Дегенмен, өлкетануға өлшеусіз үлес қосып, өңірдегі мұражайлардың негізін қалаған азаматтың есімін құрметтеп, мәңгі есте қалдыруда әлі де кемшін соғып тұрған тұсымыз бар. Ол – кезінде жұмысын өзі қалыптастырып, алғашқы директоры болған Жезқазған қалалық тарихи-археологиялық музейіне С.Бүкіров есімін беру. Осы мәселені зиялы қауым өкілдері бірнеше рет көтеріп, сең қозғалғандай болғанымен кейінгі уақыттағы әртүрлі мораторийларға байланысты аяқсыз қалып бара жатқан сияқты. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен ономастикалық комиссия бұл жөнінде шешімталдық танытуы керек деп ойлаймыз. Бұл – сонда ғана, өңір тарихының шырақшысына айналған жанға көрсетілген шынайы құрметіміздің мәңгілік белгісі болып қалар еді.

**Амандық РАХҰЛЫ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ мен ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ және ШЕШІМІ

*2021 жылғы 19 ақпан* *№ 07/01* *Жезқазған қаласы* *2021 жылғы 19 ақпан* *№ 2/19* *Жезқазған қаласы*

### «Жезқазған қаласының жекеленген санаттағы азаматтарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы» Жезқазған қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 7 маусымдағы № 19/02 бірлескен қаулысы және Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 11 маусымдағы № 36/319 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 1 наурызда нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6221 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңдарына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Жезқазған қаласының жекеленген санаттағы азаматтарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы» Жезқазған қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 7 маусымдағы № 19/02 бірлескен қаулысы және Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 11 маусымдағы № 36/319 шешіміне (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5394 тіркелген, 2019 жылғы 04 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2019 жылғы 28 маусымдағы № 25 (281) «Жезказганский вестник», 2019 жылғы 28 маусымдағы № 24 (8138) «Сарыарқа» газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«1. Жеңілдік құқығын растайтын құжаты болған кезде, қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) тегін жол жүру келесі санаттағы Жезқазған қаласының азаматтары үшін белгіленсін:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

3) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

4) бірінші және екінші санаттағы мүгедектерге;

5) зейнетақының ең төменгі мөлшерін алатын зейнеткерлерге;

6) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр-Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға;

7) бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары бар, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орындарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, жоғарғы оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көп балалы аналарға;

8) бала жасынан 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелейтін аналарға;

9) үйлеріне барып әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінің қызметкерлеріне.».

2. Осы бірлескен Жезқазған қаласы әкімдігінің қаулысы және Жезқазған қалалық мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласының әкімі Қ. ӘБСАТТАРОВ**
**Сессия төрағасы С. ЖУМКИНА**
**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С. МЕДЕБАЕВ**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2021 жылғы 19 ақпан* *№ 2/14* *Жезқазған қаласы*

### Жезқазған қаласының ауылдық елді-мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын 2021 жылы көрсету туралы

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 26 ақпандағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6217 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 «Ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 «Ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2021 жылы Жезқазған қаласының ауылдық елді-мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жезқазған қалалық мәслихатының экономикалық даму және бюджет мәселесі бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы С. ЖУМКИНА**
**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С. МЕДЕБАЕВ**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

### ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІН және АЛУШЫЛАР САНАТЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 68-бабының 3), 9), 11) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 «Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 тіркелген) бұйрығына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Лауазымы Аты-жөні**

*Шешім жобасына 1-қосымша*

### ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

1. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 (бір) миллион теңгеден артық емес.
2. Қарыз сомасынан 10 % дейін, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 (бір) миллион теңгеден артық емес.

*Шешім жобасына 2-қосымша*

### ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫН АЛУШЫЛАР САНАТЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

| № | Атауы |
|---|---|
| 1. | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 2. | «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 3. | Толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 4. | «Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 бұйрығымен бекітілген, Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 тіркелген) сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есебімен, еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттік ұйымдарының мамандары және өзге де салалардағы мамандар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

*2021 жылғы 1 наурыз* *№ 01* *Жезқазған қаласы*

### ЖЕРГІЛІКТІ АУҚЫМДА ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 26 ақпандағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6217 болып енгізілді***

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына және 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, Жезқазған қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысының 2021 жылғы 01 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде Жезқазған қаласының әкімі **ШЕШТІ**:

1.Авариялық жағдайдың туындау қаупіне байланысты, адам өліміне әкеп соқтыруы мүмкін Жезқазған қаласының Абай көшесіндегі №53, 55, 57, 59, 63, 69 көп пәтерлі үйлерде, Байқоңыров көшесіндегі №22, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 42, 44, 48, 50 көп пәтерлі үйлерде, Омаров көшесі, №30 көп пәтерлі үйде, Некрасов көшесі, №13 көп пәтерлі үйде, Бейбітшілік көшесі, №3 көп пәтерлі үйде, Алашахан көшесі, №24 (4-кіреберіс) көп пәтерлі үйде, Жеңіс көшесі, №11 көп пәтерлі үйде, Шевченко көшесі, 23 (1-ші кіреберіс) көп пәтерлі үйде, Железнодорожная көшесі, №19 көп пәтерлі үйде жергілікті ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Мұратбекұлы Бапанов тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласының әкімі Қ. ӘБСАТТАРОВ**

## COVID-19

# КОРОНАВИРУСТАН ҚОРҒАНУ ТӘСІЛДЕРІ



***Күллі адамзаттың өміріне қатер төндіріп тұрған COVID-19 коронавирустық инфекциясының қаупі әлі де сейілмеді. Мыңдаған адамның өмірін жалмаған індеттің уысына түспеу – әркімнің міндеті. Сондықтан, біз, дәрігерлер, тұрғындарға төмендегідей кеңестерді беруден шаршамаймыз. Өйткені, «сақтансаң, сақтайды» деген бар.***

**ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!**

Қол гигиенасын ұстаныңыз. Қолды сабынмен жиі жуыңыз және қолды дезинфекциялау құралдарын (тері антисептиктерін ) жөтелгеннен, түшкіргеннен кейін қолданыңыз.Тамақ әзірлеудің алдында, сондай-ақ науқастардың жеке заттарын қолданған жағдайда көз, мұрын, бетіңізге қолыңызды барынша тигізбеуге тырысыңыз. Адамдар көп жиналатын жерлерде бетперде киіңіз.

Ауырып жүрген адамдардың және олардың заттарына жанасудан аулақ болыңыз, байланысқа түскен жағдайда бетпердемен қорғаныңыз. Жөтелу немесе түшкіру кезінде ауыз бен мұрынды жабу үшін майлықтарды пайдаланыңыз, содан кейін оларды қоқысқа тастаңыз және қолды мұқият жуыңыз. Көкөністер мен жеміс-жидектерді қолданар алдында мұқият жуыңыз.

Иммундық жүйені жақсы қалыпта ұстау үшін дұрыс тамақтаныңыз, дене шынығумен айналысыңыз және толыққанды сегіз сағат ұйықтаңыз.

**МАСКАНЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК?**

Масканы ауыз бен мұрынды тығыз жабатындай етіп бекіту керек.

Масканы қолмен ұстамау маңызды. Егер де солай болған жағдайда қолды сабынмен немесе құрамында спирт бар затпен мұқият сүртіңіз.

Егер маска ылғал болса, онда оны бірден жаңа, құрғағына ауыстыру керек.

Қандай жағдайда да бір масканы екі рет қолдануға болмайды.

Қолданғаннан кейін масканы дереу қоқысқа тастау керек.

**ҮЙ КАРАНТИНІНДЕГІ АДАМ ҮШІН НҰСҚАУЛАР**

Жабық есігі бар жеке, жақсы желдетілетін бөлмеде болу. Бөлмеден шығуға тек қажетті рәсімдер үшін және қысқа уақытқа рұқсат етіледі; бұл кезде ауыз бен мұрын маскамен жабылуы керек.

Вирустың таралуын болдырмау үшін түшкіргенде немесе жөтелгенде ауыз бен мұрынды бір рет қолданылатын қол орамалмен немесе иілген шынтақпен жабыңыз. Одан кейін қолды сумен немесе сабынмен жуу, антисептикалық затпен дезинфекциялау керек.

Қолды сумен және сабынмен жуу немесе тамақ дайындағанға дейін және одан кейін, тамақ алдында және дәретхананы пайдаланғанға дейін және одан кейін спирттік негіздегі антисептикалық затпен дезинфекциялау қажет. Қолды сүрту үшін бір рет қолданылатын майлықтарды қолданған жөн.

Температура немесе респираторлық симтомдар пайда болған жағдайда кез келген медициналық мәселе болған жағдайда call-орталыққа КВИ бойынша хабарласу немесе карантин туралы хабарлай отырып және жүгіну себебін көрсете отырып, жедел көмекке қоңырау шалу керек.

**ВАКЦИНА ІНДЕТТЕН ҚОРҒАЙДЫ**

Осы уақытта біз Қазақстан Республикасында халықты жаппай вакцинациялауды бастадық. Вакцина – бұл адам ағзасына енгенде антиденелер шығаратын ерекше дәрі. Тірі вирустармен кездескенде, бұл антиденелер күресуге қабілетті, сол арқылы аурудың алдын алады.

Вакцина – инфекцияны болдырмайтын ең сенімді, тиімді шара, яғни вакцина емдемейді, бірақ қорғайды. Бұл бізге карантиндік шектеусіз әдеттегі өмір салтына оралуға мүмкіндік береді. КВИ-ға қарсы вакциналар ақысыз егіледі. «Гам-Ковид-вак» вакцинасы – бұл екі компонентті векторлық вакцина, вакцина қауіпсіз, уылы емес, тиімді. КВИ профилактикасы үшін вакцинация 2 кезеңде жүзеге асырылады.

Басында I компонентпен 0,5 мл дозада, екіншісі 3 аптадан кейін (егу күнін ескермей 21 күн) – II компонентпен 0,5 мл дозада вакцина тек бұлшықет ішіне енгізуге арналған вакцина дельта тәрізді бұлшықетке енгізіледі (егер мүмкін болмаса, оны кеңірек бүйірлік бұлшықетке енгізу керек.)

Вакцина енгізілгеннен кейін пациент медициналық қызметкерлермен 30 минут бойы бақылауы керек, келесі 3 иммундаудан бірнеше күн өткен соң. Бірінші немесе екінші күні вакцинациядан кейін дене температурасының қысқа мерзімді жалпы жоғарылауы, жалпы әлсіздік және бас ауруы және инъекция орнындағы ауырсыну келесі 3 күн ішінде дамып, шешілуі мүмкін. 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті және бала емізетін әйелдер КВИ вакцинасын алмауы керек.

**Феруза ЖАНПЕЙІСОВА,**
**«Бексейітова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелік дәрігері**

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2021 жылғы 19 ақпан* *№ 2./18* *Жезқазған қаласы*

## Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Жезқазған қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту ТУРАЛЫ

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 24 ақпандағы нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6202 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», 2020 жылғы 6 мамырдағы «Ардагерлер туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. № 1 қосымшаға сәйкес әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Жезқазған қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары бекітілсін.

2. № 2 қосымшаға сәйкес Жезқазған қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы** **С. ЖУМКИНА**
**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы** **С. МЕДЕБАЕВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының*
*2021 жылғы 19 ақпандағы № 2/18 шешіміне*
*1-қосымша*

## Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Жезқазған қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидалар негізінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына уәкілетті орган әлеуметтік көмекті жүзеге асырады.

### 1 - тарау. Жалпы ережелер

3. Осы Үлгілік қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) атаулы күндер – жалпыхалықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) арнайы комиссия – өмірде қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

4) ең төмен күнкөріс деңгейі – мөлшері бойынша облыстардағы республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы статистика органдары есептейтін облыстардағы мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

5) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

8) өмірдегі қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

9) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), қаладағы ауданның халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органы;

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органмен (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек бір рет келесі атаулы күндер мен мереке күндеріне көрсетіледі:

1) 1-2 қаңтар – Жаңа жыл – 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға;

2) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні – Ауғанстан Республикасының аумағында ұрыс қимылдары кезеңінде қатысқан тұлғаларға, Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне;

3) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні – «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр-Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған аналарға және бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары бар, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орындарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, жоғарғы оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар аналарға;

4) 26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушыларды еске алу күні – Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан тұлғаларға;

5) 9 мамыр – Жеңіс күні – Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, концлагерьлердің бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындарына, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларға, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) тұлғаларға, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің қайта некеге тұрмаған әйелдеріне, Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне;

6) 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні – саяси құғын-сүргін құрбандары мен саяси құғын-сүргіннен зардап шеккен тұлғаларға;

7) 29 тамыз – Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні – азаматтық және әскери мақсаттағы объектілердегі радиациялық апаттар мен авариялардың салдарынан мүгедек болған тұлғаларға;

8) 1 қазан – Қарттар күні – жетпіс бес және одан жоғары жастағы адамдарға;

9) Қазақстан Республикасындағы мүгедектер күні (қазан айының екінші жексенбісі) – 1 және 2 топтағы мүгедектерге.

8. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстың жергілікті атқарушы органы бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

### 2-тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

9. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) немесе тұрғын жайға келтірілген залалға өтемақы төлеу үшін және өмірлік қиын жағдай туындаған кезде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

10. Азаматтарды өмірлік қиын жағдайдағы тұлғалардың санатына жатқызу үшін түпкілікті негіздемелердің тізбесі мыналар болып табылады:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан босау (жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын);

2) әлеуметтік мәні бар ауруының болуы (он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын);

3) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі (елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын).

11. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде, әлеуметтік көмек тұлғаларға (отбасына) жан басына шаққандағы табысына қарамастан ұсынылады.

12. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде азаматтар әлеуметтік көмекке бір ай мерзімде жүгіне алады.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді орган бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

13. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың жергілікті атқарушы органының келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

### 3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

15. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

16. Атаулы күндер мен мереке күндеріне бір уақытта бірнеше негізде әлеуметтік көмек алуға құқығы бар тұлғаларға көмектің бір түрі көрсетіледі.

17. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе село әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатпен;

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтермен;

3) өмірде қиын жағдайдың туындағанын растайтын актімен және/немесе құжатпен қоса өтініш береді.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды.

18. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

19. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекті жеке шотқа аудару үшін, өтініш беруші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымынан немесе екінші деңгейдегі банктен ашылған жеке шотын ұсынады.

20. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе село әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

21. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 1, 2 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе село әкіміне жібереді.

Село әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

22. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

23. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

24. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе село әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

25. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

26. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету, не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 22 және 23-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе село әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету, не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

27. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

28. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

29. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

30. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру қаланың бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

### 4-тарау. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

31. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

32. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

### 5 - тарау. Қорытынды ереже

33. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган «Е-собес» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

*Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың*
*жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына*
*1-қосымша*

**Өмірде қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ**

20____ жылғы «_____»

______________________________________________________________
(елді мекен)

1. Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ______________________________

2. Тұратын мекенжайы ______________________________

3. Орын алуына байланысты өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген өмірдегі қиын жағдай ______________________________
______________________________________________________________

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) ___________ адам, оның ішінде:

| Р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Туған күні | Өтініш берушіге туыстық қатынасы | Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны) | Жұмыспен қамтылмау себебі | Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер | Өмірдегі қиын жағдай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Еңбекке жарамды барлығы _________ адам.
Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _______ адам.
Балалардың саны: ______, олардың ішінен жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _______ адам, оқу құны жылына _______ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген адамдардың, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу қажет) ______________________________
______________________________________________________________

5. Тұрмыс жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге көрсету қажет): ______________________________

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар: ______________________________
______________________________________________________________

Отбасының табысы:

| Р/с № | Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Табыс түрі | Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге) | | Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тоқсанға | орта есеппен айына | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |

6. Мыналардың:
автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)
______________________________________________________________
______________________________________________________________

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге тұрғын үйінің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)
______________________________________________________________
______________________________________________________________

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі): ______________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі): ______________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі: ______________________________
______________________________________________________________

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы: ______________________________

Комиссия төрағасы: ______________________________
Комиссия мүшелері: ______________________________
______________________________
(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты)

Жасалған актімен таныстым: ______________________________
Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы ______________________________

Тексеру жүргізілуден бас тартқан ______________________________
Өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы ______________________________
______________________________________________________________
(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Күні ________________

*Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және*
*мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың*
*үлгілік қағидаларына 2-қосымша*

**УЧАСКЕЛІК КОМИССИЯНЫҢ № _____ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

20__ ж. ___ ______

Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)
______________________________________________________________
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде ______________________________
(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: ______________________________
Комиссия мүшелері: ______________________________
______________________________
______________________________
______________________________
(қолдары) (Т.А.Ә.)

Қорытынды қоса берілген құжаттармен __________ данада

20__ ж. «____» _________________________ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы ____________________

***Результаты согласования***

***Жезказганский городской маслихат – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 22.02.2021 18:15:39, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 22.02.2021 18:16:45, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат – председатель сессии Светлана Серикбаевна Жумкина, 22.02.2021 18:18:16, положительный результат проверки ЭЦП***

***Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 23.02.2021 12:59:10, положительный результат проверки ЭЦП***

*Жезқазған қалалық мәслихатының*
*2021 жылғы 19 ақпандағы № 2/18 шешіміне*
*2-қосымша*

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЙБІР КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН ШЕШІМДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 38/347 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Жезқазған қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3636 нөмірімен тіркелген, 2016 жылы 5 ақпандағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 19 ақпандағы № 8 (7968) «Сарыарқа», 2016 жылғы 19 ақпандағы № 8 (110) «Жезказганский вестник» газеттерінде жарияланған);

2. Жезқазған қалалық мәслихатының 2016 жылғы 24 тамыздағы № 3/44 «Жезқазған қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 38/347 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Жезқазған қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3956 тіркелген, 2016 жылғы 27 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 10 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 39 (7999) «Сарыарқа», 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 39 (141) «Жезказганский вестник» газеттерінде жарияланған);

3. Жезқазған қалалық мәслихатының 2017 жылғы 11 қазандағы №13/136 «Жезқазған қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 38/347 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Жезқазған қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4393 тіркелген, 2017 жылғы 26 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік- құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2017 жылғы 27 қазандағы № 42 (8055) «Сарыарқа», 2017 жылғы 27 қазандағы № 42 (197) «Жезказганский вестник» газеттерінде жарияланған);

4. Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 тамыздағы сессиясының № 26/239 «Жезқазған қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 38/347 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Жезқазған қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4947 тіркелген, 2018 жылғы 27 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 38 (8101) «Сарыарқа», 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 37 (243) «Жезказганский вестник» газеттерінде жарияланған);

5. Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 39/345 «Жезқазған қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 38/347 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Жезқазған қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5579 тіркелген, 2019 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 1 (8165) «Сарыарқа», 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 49 (305) «Жезказганский вестник» газеттерінде жарияланған).

***Результаты согласования***

***Жезказганский городской маслихат – главный специалист - Юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 22.02.2021 18:15:39, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 22.02.2021 18:16:45, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат – председатель сессии Светлана Серикбаевна Жумкина, 22.02.2021 18:18:16, положительный результат проверки ЭЦП***

***Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 23.02.2021 12:59:10, положительный результат проверки ЭЦП***

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# «ЕНЕНІ ЖАУ КӨРЕТІН ТҮСІНІК БІЗГЕ СЫРТТАН ТАҢЫЛҒАН»

***Елдің өркендеуі, болашағының нұрлы, келешегінің кемел болуы жолында экономиканың қарышты дамуымен қатар, ұлттық құндылықтардың сақталуы да аса маңызды. Осы тұста «Тәрбие – тал бесіктен» деген пікірді ұстанып, әрдайым мағыналы ойлары және зерделі әңгімелерімен бөлісіп жүретін ақ жаулықты ана, ардақты әже Шынар ҚАЖМАҒАНБЕТОВА апамызбен жүздесіп, бүгінгі қазақ қоғамына қатысты түйткілді мәселелерге бірге жауап іздедік.***



***– Отан десе алдымен отбасы ұғымы еске түседі. Қазіргі таңда жастар арасында ажырасу жиілеп тұр. Мұның негізгі себебі неде деп ойлайсыз?***

– Алдымен сүйікті газетіміздің қоғамдағы осындай өзекті мәселелерге ұлттық таным, салт-сана тұрғысынан қарауға шақыратын дүниелермен оқырман көңілінен шығып жүргеніне алғысымды жеткізгім келеді. Газетте аға буын өкілдері әрдайым жастарға тәрбиелік мәні зор ой-толғамдарын жариялап келеді. «Saryarqa» газетінің ақпан айындағы бір нөмірінен қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекованың «Ұлттық тәрбие – ұлт қаруы» тақырыбымен жарияланған мақаласын оқып, өзім де осы жастар тәрбиесіне қатысты қолыма қалам алсам деп жүрген едім. Сіздердің сұхбатқа шақырғаныңыз сол ойыма дөп келді. Жалпы қазақ халқы әрбір сөзді дөп айтып, орынымен қолдана білген ғой. Ұлтымыз «Үйлену оңай, үй болу қиын» дейді. Расында да, ортада сезім оты тұтанып, бірін-бірі ұнатқан жастар отбасын құруы жөн-ақ. Дегенмен, солардың көбі кейін тіл табыса алмай, тым жақсы шаңырақты шайқалтып алып жатады. Неде болса кінә екі тараптан да өрбиді. Жастардың бәрін аяқ асты етіп, жолдарының екіге бөлінуі олар үшін жеңіл болуы мүмкін, бірақ ортада бала болса бұдан асқан қасіретті, қиын жайт жоқ. Себебі, әке мінезін, әкенің қаһарын, оның тағылымын көрмеген баладан ұлтына қамқор ер-азамат шықпайды. Қанша жерден жағдайың жақсы болғанымен бала үшін ер адамның тәрбиесі ерекше. Баланың болашағы, негізгі тәрбиесі отбасынан басталады. Яғни, оның болашағының бағдаршамы – отбасы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді. Сол себепті де қазақ халқы бала тәрбиесін басты орынға қойған. Саналы перзент тәрбиелеу үшін барын салған. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі қатаң қағидаларын мына екі мақалдан білуге болады. Оның бірі – «Қызға қырық үйден тыйым» болса, екіншісі «Қызың өссе қылықтымен ауылдас бол, ұлың өссе ұяттымен ауылдас бол». Алысқа бармай-ақ осы екі мақалдан қазақ халқының тәрбие берудегі барлық бітім-болмысын тануға болады. Бала бар жерде жауапкершілік мол болуы тиіс. Қазір қолымыздағы телефонды ашып қалсақ, теледидарды қоссақ, 2-3 адамның басы қосылса айтатыны ұятты әңгімелер, жұрттың өмірі, ұлттық менталитетімізге сай келмейтін іс-әрекеттер. Қазақта «Мал құлағы естімесін» деген сөз бар. Бұрынғы адамдар кесапатты бірер әңгіме естісе, осы сөзді қолданып, бір-біріне басу айтып, тыйым салған. Ал, қазір ше? Ештеңе жасырын емес. Бүгінгі заманда бала болашағына, оның тәрбиесіне кесірі тиетін жайттарды жасырып, бетін қайтарудың орнына, керісінше оны ашықтан-ашық жарнамалайды. Міне, мұның бәрі балаға кері әсер етеді. Содан барып тілазар бала, сөз ұқпас қыз пайда болады. Жастық шағымызда барлығымыз жұмыс қамымен жүреміз. Осы тұста бала өзімен-өзі қалып, беталды өмірге дағдыланады.

***– Қазір өзі ақыл айтатын үлкендер де жоқ. Бесік жырын айтатын әжелер де қалмай барады. Өзін әже деп мойындамайтындар да бар. Қазақтың әжесі ақ жаулығын тағынып, арда ақылын паш етіп отыруы керек қой. Әттең, соған әлі де көп адам жете алмай жүр.***

– Менің туған жерім – Сарыкеңгір, яғни қазіргі Малшыбай ауылы. Мектепті тәмамдаған соң Алматы қаласында 5 жыл физика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алдым. Институтты бітіріп, бір жылға таяу Жезқазған пединститутына жұмысқа орналастым. Ауылдан кетерімде мектебімнің ұстаздарына туған жерге оралып, мектебімде жұмыс істеймін деген уәдем бар еді. Сол сөзімді орындау үшін ауылға аттанып, бір жыл ауылда мұғалім болдым. Кейін тұрмысқа шығып, мысты шаһарға келіп, қазіргі Жезқазған гуманитарлық колледжінде 35 жылдай қызмет еттім. Зейнет жасына шыққан соң немерелерімнің тәрбиесіне көңіл бөлгенді жөн көрдім. Қазір 8 немерем, 3 шөберем бар. Оларға бар білгенімді үйрету, жақсы тәрбие беру – ол да менің бір міндетім.

***– Шынар апа, қазіргі қоғамдағы даулы мәселелердің бірі – ене мен келін арасындағы қарым-қатынас. Көп отбасыларда осы екі арадағы кикілжің бары рас. Бұл мәселе бойынша ойыңыз қандай?***

– Келін – ол да бір үйдің еркесі. Өз еркімен, өз айтқанымен жүріп-тұрып үйреніп қалған оған да өзге шаңыраққа барып, өзге үйдің отын тұтату, сол үйдің тірлік-тіршілігіне бой үйрену оңайға түспейтіні сөзсіз. Келе сала енесін жау көріп алатын қыздар болады. Бұл – сырттан келген сандыраққа толы жат менталитеттің әсері. Әйтпесе, қазақ қоғамында ене мен келіннен асқан тату жандар болмаған. Ия, кез келген ана баласын қызғанады. Дегенмен, есті ана ұлының болашағы сол жарымен байланысты екенін, сол екеуі тату болса ғана, барлығы дұрыс болатынын түсінуі керек. Менің де келіндерім бар. Оларға келін болып түскен сәтінен бастап ақылымды айтып отырамын. Білмейтін жерлерін үйретемін. Жаңылыс айтып қойған сөздерін «Балам, олай деме, бұл сөзің ұят» деп жаймен ғана айтып, түзетіп отырамын. Мұның бәрі тәрбие. Ата-енемен тұрудан қашпау керек. Ең болмаса 1-2 жыл ата-ененің тәрбиесін көрген дұрыс. Мен үнемі «Келін ешқашан қызыңдай болмайды» деп айтып жүремін. Бірде мұны естіген кіші келінім ренжіп қалыпты. Содан оған бұл сөзімнің астарын жіте түсіндіріп бердім. Мен неге олай деймін. Себебі, қыз – қонақ. Кез келген ана, әке қызына қонақ ретінде қарайды. Әйтеуір бір күні оның басқа шаңыраққа, өз үйіне аттанарын, мәңгілікке кететін біледі. Ал осыдан кейін келінді қызбен салыстыруға бола ма? Келін – сол отбасының мәңгілік мүшесі. Мен келінге қонақ ретінде қарай алмаймын. Керісінше, оны өзім сияқты сол үйдің шырағына балаймын. Ия, келін қызыңдай болмайды, бірақ қызыңнан да жақын болуы мүмкін.

***– Қазіргі таңда бала тәрбиесінде көңіліңіз толмайтын тұстары бар ма?***

– Көңіл толмайтын жайттар өте көп, Соның бірі – баланың бар ауыртпалығын аналар арқалап алған. Қазір ер адамдардың отбасындағы рөлі, қызметі, орны төмендеп барады. Кеңестік дәуірде ер мен әйел теңдігіне баса назар аударылды ғой. Ия, ер адам табатын ақшаны әйел де табуы мүмкін. Артығымен табатындар да бар. Кейбір ессіз әйелдер соны ерінің бетіне басып жатады. Бұл – қате. Ақылды әйел еркектің алдына шықпайды. Азаматына қолдау танытып, жігерін құм етпейді, керісінше айбынын асырады. Ер мен әйел қанша жерден тең десек те, қыз-келіншектердің орны ер-азаматтарынан бір саты төменде екенін ұмытпауымыз қажет. Бұл туралы асыл дінімізде де айтады. Біз барлығымыз кеңестің кезеңде атеистік көзқарастардың тоғысында тіршілік кештік. Бәлкім, соның әсері болар. Бұл жерде ер адамдардың да кінәсі бар. Бүгінгінің жігіттері жауапкершілік дегенді ұмытып бара жатыр. Сол себепті олар өз міндеттерін ұмытпаса екен деймін.

***– Бүгінгі қазақ қоғамына не жетіспейді деп ойлайсыз?***

– Бұл ойланатын, үлкен мәселе ғой. Қазір, шүкір, бәрі бар. Заман дамып жатыр. Тек дамыған сайын ұлттық бабалардан қалған салт-дәстүріміз, таным-пайымымыз көлеңкеде қалып бара жатыр. Жаңаша ойлайтын, қара басы, құлқынның қамы үшін өмір сүретін өгей ұл мен қыздар көбеюде. Осы тұста бізге мықты ұлттық идеология жетіспейтіні көрініп қалады. Адасқан ұрпақтың арқасынан қағып, басынан сипап, жөнді ақылын айтатын үлкендер де жоқ. Ол – біздің кінәміз. Жастық шақ – алып-ұшып тұрған албырт кезең. Осы тұста қателікке ұрынбау үшін үлкендерде де жауапкершілік болуы керек. «Бір ұл бұзылса – шаңырақ, бір қыз бұзылса – ұлт бұзылады» деген. Еліміздің ертеңі үшін тәрбиені тал бесіктен, балабақшадан, мектептен, бастысы отбасыдан бастай білуіміз қажет.

***– Уақыт бөліп, келелі әңгіме өрбіткеніңізге рақмет!***

**Сұхбаттасқан**
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

# ҮЗІЛМЕГЕН НАУРЫЗ ДӘСТҮРІ



*(Соңы. Басы 1-бетте).*

***Баласы Шамбыл ДАНИЯРОВТЫҢ естелігінен:***

– Әлі есімде, әкейдің малдан келген беті, күн қатты жел болатын. Көнетоз сырма шапанын желбегей жамылған күйде суретке басып алды. Ол кісі еш уақытта суретке түспеген. Кейін 1971 жылы Алматыдан тағы экспедиция келді. Құрамында 6 адам бар, оның біреуі өнертанушы ғалым екен. Олар ауыл клубында жатып әкемнің қолөнерімен арнайы танысты. Әкей үйдің жасау, жиһаздарына дейін өз қолымен жасайтын. Барлығын суретке түсірді. Экспедицияны Ә.Марғұлан арнайы жіберіпті. Мамандардың кірпіш құю өнері жөнінде сұрақтары бар екен. Әкейдің жасы 95-тен асқан, сырқаттанып, ол кісілермен тілдесе алмады. Әкем сол жылы қайтыс болды.

Д.Кәрібайұлының сәулетшілігімен қатар ұста, зергерлігі, етікші, тіпті тігіншілігі осы төңіректің халқына ертеден таныс. Ол кісі жейдесінен бастап сырт киіміне дейін дүкеннен сатып алмай, өзі тігіп киген. Жасы ұлғайған шағының өзінде колхоз, совхоздың ұстасы болып, шаруашылыққа қажетті бұйымдарды өз шеберханасында жасап беріп отырған. Ат-көліктің жабдықтарынан бастап арбаның жетегіне дейін Данияр ұстаның қолынан өтіп, суармалы егістікке шығыр да жасаған. Арбаның жетегі жиі істен шыға берген соң жетекке қосымша иін ойлап тауып, арба айдаушы ауылдастарының бейнетін жеңілдеткен екен.

Ал жоғарыда әңгімеге арқау болған жағлан-сандық Данияр ұстаның қолынан шыққан үй-тұрмыстық бұйымдардың ең бағалысы. Д.Кәрібайұлы арнайы тапсырыспен қалыңдық жасауын жасайтын санаулы шеберлердің бірі. Жасау тізіміне зергерлік әшекейлер, үй-тұрмыс жабдықтарымен қатар, ұзатылатын қыздың оқалы бешпент, құндыз бөркіне дейін кірген. Тігіншілігі кейбір ісмерлерден кем болмаған. Бұзау терісімен қапталған сандық бәйбішесі Жұмаділдә анамыздың жасауымен келген. Демек, шебер өзінің қалыңдығының жасауын өзі жасаған. Сандық Данияр әулетінің ең алғашқы бұйымы болуымен қатар, осы шаңырақтағы жүз жылға таяу үзілмей келе жатқан ғажайып дәстүр – Наурыз көженің куәгері. Бұл әулеттің міне төртінші буыны атадан қалған осынау қастерлі үрдісті сақтап, жыл сайын наурыздың 18 жаңасында бүкіл ауылға, алыс- жақын ағайын-туысқа наурыз көже береді. Бүкіл ауыл Данияровтар әулетінің наурыз көжесіне арнайы шақыртусыз келеді. Және шама келсе бұл күнге ауылда ешқандай жиын-той, көпшілік басқосу жоспарланбайды.

***Данияр ұстаның келіні, бүгінде жасы 85-ке келген Рахия шешейдің әңгімесінен:***

– Осы әулетке келін болып түскелі 60 жылдан асты. Ол кезде атам 82 жаста еді. Үлкендердің айтуына қарағанда 1932 жылы ғана наурыз көже бере алмапты. Соның өзінде қазан көтеріп, қара су қайнатып, ауыл-үй болып қаптың түбін қағып, көп көже берген екен. Наурыздың қамын біздің үйдің келіндері қыс басталмай тұрып ойлаймыз. Бір мал арнайы сойылып, сүрленеді. Наурыз дастарханының құрт, майы қарынға бөлек жиналады. Әлгі қарын 18 наурызда ғана ашылады. Есіктің алдына он қазанға дейін қойып, көп көже пісіреміз. Қазір бұл тәрбиенің бәрін келіндер атқарып жүр. Менікі жөн сілтеу ғана. Атамыз ерен аруақты кісі еді. Діни кітаптардан оқығанын балаларға ертегіге айналдырып айтып отыратын. Әулетімізде сақталып келе жатқан заттарын дәретсіз ұстаған емеспін. Көзіммен көрдім, құран аударғанда, Қатым құран түсіргенде, тәуліктеп нәр татпай, оңаша отыратын. Ара-арасында қорытылған май ұрттайды. Құлап қалмас па екен деп уайымдайтынмын. Емшілігі, көріпкелдігі өз алдына бөлек әңгіме. Атамнан қалған ағаш тостаған бар. Наурыз күні бала-шаға, немере-шөберелерге дейін сол тостағаннан көп көже ішеді. «Осы сендердікі жыл сайын не әурешілік» дейтіндер де бар. Осы



әулеттің өсіп-өркендеуі, балалардың ел ішінде абыройлы, беделді болуы көптің берген батасына байланысты екеніне сенемін. Қарашаңырақтың қадірлі дәстүрін ертеңгі күні немере, шөбере келіндерім жалғастыратын болады.

Иә, наурыз тілек, наурыз бата сөзсіз қабыл болады. Данияр ұстадан тараған екі ұл, екі қыз бүгінде бір қауым ел болып отыр. Барлығы да қарашаңырақтың наурыз көжесін осы әулеттің ең басты мерекесі деп біледі. Данияр ұстаның үлкен ұлы Наушарбан Данияров Ұлы Отан соғысының ардагері, осы төңіректе ұжымшарлар ұйымдастыруға белсене қатысқан белгілі тұлға. Ал, Шамбыл Данияров – «Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі», Борсеңгір селолық кеңесін ұзақ жыл басқарған, ауыл экономикасына сіңірген еңбегі үшін «Ұлытау ауданының құрметті азаматы» атағын алған ардагер. Олардың көзі кеткенмен атадан қалған дәстүр, тәрбие жарасымды жалғасып келеді. Қарашаңырақ бұл әулеттің киелі мекені, тамаша дәстүрдің алтын сандығы болып қала бермек.

...Қыстың көбесін сөгіп, наурыз айы туды. Таң енді білінген, алакеуім шақ. Рахия шешей қарашаңырақтың төрінде, ең құрметті жерде ілулі тұрған атасының көрігіне иіліп сәлем берді. Күндегі әдеті. Төрге ұмтыла түсіп, әлденеге құлақ түрді. Күн мен түн теңелген сәт Аллаға ғана аян. Бірақ мына көріктің көмейінен наурызда бір «уіл» еститіні өзіне белгілі. Сол сәтті күтіп жүр. Жалғыз ғана тілегі бар: «Жаңа жыл жарылқай гөр!» Қандай қарапайым, шуақты тілек. Қабыл болғай.

**Зейпін ҚАЗАНБАЕВА**



*Суреттерде:*
**Д.Кәрібайұлы коллекциясының көрмесі. Борсеңгір ауылы. Наурыз дәстүрінің шырақшысы Р. Бірмағанбетова. Данияр ұстаның төрт буыны**

## Тәуелсіздік жылнамасы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

**1998 жыл**

• Қала әкімі Ж.Ибадилдиннің 9 қаңтардағы №15/1 шешімімен 91-орамда орналасқан Октябрьская көшесінің атауы өзгеріп, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі сыйлығының иегері Аққойшы Түсіпбековтің есімі берілді.

• 24 қаңтарда Валукинский атындағы минерологиялық мұражай мен тарихи-өндірістік мұражайдың негізінде «Қазақмыс» корпорациясының мұражай-көрме кешені салтанатты жағдайда ашылды.

• Мамырдың басында «Ұлытау» тарихи-этнографиялық әдеби-мәдени журналының бірінші саны жарыққа шықты.

16 мамырда облыс әкімі М.Есенбаевтің шешімімен облыстық мемлекеттік архивтің Жезқазған филиалы мен Жезқазған қалалық архиві базасында Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві құрылды.

• 25-26 тамызда ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Жезқазғанға келіп, 208 тәулік бойы ұшу сапарында болған қазақ ғарышкері Т. Мұсабаев пен оның экипажын қарсы алды.

• Қаламыздағы 91-95-орамда №10 бастауыш мектебі ашылды. Алғашқы директоры болып Р.Ж.Қожырбаева тағайындалды.

• «Халықтар бірлігі және ұлттық тарих» жылына орай 16 қыркүйекте Ұлытау ауданы Бұланты өзенінің бойындағы Жоңғар шапқыншыларымен шайқас болған жерлерге тарихи-этнографиялық «Бұланты-98» экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедиция жұмысының қорытындысы жайлы «Бұланты шайқасы» кітапшасы шығарылды.

• Кеңгір су қоймасының жағасында байдарка мен каноэде ескек есуден Қазақстан Республикасының жазғы чемпионаты өтті.

• 25 желтоқсанда Тайланд астанасы Бангкокте XIII Азия ойындарында жезқазғандық спортшы, белгілі ескекші Қайсар Нұрмағанбетов біркісілік каноэде 500 метрлік қашықтықта алтыннан алқа тақты.

***1999 жыл***

• 1 наурызда қала әкімі Ж.Ибадилдиннің 12.02.1999 жылғы №53/2 шешімімен Жезқазған қалалық еңбек және халыққа әлеуметтік көмек көрсету бөлімінде жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге үйде көмек көрсету бөлімшесі ашылды.

• 25 мамырда Қарағанды облысы бойынша Жезқазған қаласында алғаш «Дизайнерлер одағы» құрылды.

• Қазақстан және Ресей аумағында «Алтай-Дунай» халықаралық археологиялық-этнографиялық экспедициясының бірінші кезеңі өткізілді.

• 6 сәуірде Металлургтер алаңына академик Қ.И.Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ескерткіші қойылды.

• Жезқазған қаласы әкімдігі мен Ө.Байқоңыров атындағы университеттің ұйымдастыруымен Жезқазғанда суретшілердің халықаралық симпозиумы өтті.

• Жергілікті әдебиетшілердің «Шабыт» атты қоғамдық қоры құрылып, облыстық әділет басқармасында тіркеуден өткізіліп, заңды ұйымға мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілді.

• «Қазақмыс» корпорациясының «Шашу» балалар би ансамблі Болгариядағы өткен Халықаралық фестивальге қатысып, Бас жүлдені жеңіп алды.

• Италияның Венеция қаласындағы XII әлем чемпионатында жезқазғандық Нұржан Ербосынов әлем чемпионы атағын жеңіп алды.

• Жезқазған қалалық мәслихатының 14 қарашадағы №2/18 шешімімен Лазо көшесінің атауы өзгертіліп, ақын, журналист, ұлт зиялысы Бірмұхамед Айбасовтың есімі берілді.

• Жезқазған қалалық мәслихатының 14 қарашадағы №2/18 шешіміне сәйкес қаланың орталық көшелерінің бірі – Ленин даңғылы Алашахан даңғылы, Ленин алаңы Алаш алаңы болып өзгертілді.

• Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында жергілікті баспаханадан Желтоқсан көтерілісінің 13 жылдығына арналған «Жезқазған: желтоқсан-1986 жыл» атты жаңа кітап басып шығарды.

**Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві**